



ENVY¹⁷ 3D

АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫС

HP ENVY¹⁷ 3D Алғашқы жұмыс

© Copyright 2011 Hewlett-Packard
Development Company, L.P.

AMD белгісі Advanced Micro Devices, Inc. корпорациясының, ал Microsoft және Windows АҚШ-та тіркелген Microsoft корпорациясының сауда белгілері болып табылады. Bluetooth өз меншік иесінің сауда белгісі болып табылады және оны Hewlett-Packard компаниясы лицензия бойынша пайдаланады. Intel — Intel корпорациясының АҚШ-тағы және басқа елдердегі сауда белгісі. SD Logo — өз меншік иесінің сауда белгісі.

Осы құжатта берілген ақпарат ескертусіз өзгертіледі. HP өнімдері мен қызметтеріне кепілдік тек осындай өнімдермен және қызметтермен бірге келетін тікелей кепілдік мәлімдемелерінде беріледі. Осы құжаттағы ешқандай мәліметтер қосымша кепілдік деп түсінілмеуі тиіс. HP компаниясы осы құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателерге, не болмаса қалып кеткен мәліметтер үшін жауапты емес.

Бірінші басылым: мамыр, 2011 ж.

Құжат бөлігінің нөмірі 651676-DF1

Өнім ескертпесі

Бұл нұсқаулық көптеген модельдерге бірдей болатын мүмкіндіктерін сипаттайды. Кейбір мүмкіндіктер компьютеріңізде жұмыс істемеуі мүмкін.

Бағдарламалық құрал терминдері

Осы дербес компьютерде алдын ала орнатылған кез келген бағдарламалық құрал өнімін орнатсаңыз, көшірсеңіз, жүктеп алсаңыз немесе басқа жолмен пайдалансаңыз, HP Түпкі пайдаланушы лицензиялық келісіміне (EULA) бағынуға келісесіз. Егер сіз осы лицензиялық шарттармен келіспесеңіз, төленген қаражатты компьютерді сатқан орынның қаражат қайтару ережелеріне сәйкес қайтару үшін пайдаланбаған өнімді (жабдықты және бағдарламалық құралды) 14 күн ішінде сатушыға қайтару жалғыз шараңыз болып табылады.

Компьютер үшін төленген қаражатты толығымен қайтару туралы толық ақпаратты жергілікті сату нүктесінен (сатушыдан) алыңыз.

Пайдаланушы нұсқаулықтары

HP компаниясы өнімдерінің қоршаған ортаға әсерін азайту міндетін мойнына алады. Осыған байланысты пайдаланушы нұсқаулықтары мен үйретуші орталықтарды компьютердің қатты дискісіндегі Анықтама және қолдау орталығында орналастырылады. Пайдаланушы нұсқаулықтары үшін қосымша қолдау мен жаңартуларды веб-тораптан алуға болады.

Қауіпсіздік ескертпелері

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Қүйік алу қатерін азайту және компьютерді қызып кетуден сақтау үшін, оны тізеге қоймаңыз немесе ауа желдеткішінің саңылауларын бітемеңіз. Компьютерді тек қатты және тегіс бетте пайдаланыңыз. Жақын жерде тұрған принтер сияқты қатты заттардың немесе жастық, кілем не киім сияқты жұмсақ заттардың ауа келу жолдарын бітеуіне жол бермеңіз. Компьютермен жұмыс істеу кезінде айнымалы ток адаптерінің дене немесе жастық, кілем немесе киім сияқты жұмсақ заттармен қатынасуына да жол бермеңіз. Компьютер мен айнымалы ток адаптері ақпараттық құралдар аумағында қолданылатын (IEC 60950) құрылғы қауіпсіздігі бойынша халықаралық стандарттармен анықталған пайдаланушыларға арналған шектелген бет температурасы талаптарына сәйкес болуы қажет.

Мазмұны

1 Қош келдіңіз	1
Қандай келесі қадам	2
HP CoolSense	2
HP 3D Фильм технологиясы	2
Intel сымсыз дисплейі	3
Beats Audio	3
Графикалық режимдерді ауыстырып қосу	4
AMD Eyefinity Multi-Display технологиясы	5
Бір үлкен бейне (SLS) дисплей конфигурациясының мысалы	5
Экрандық суретті ауыстырып көрсету	6
AMD Catalyst Control Center басқару орталығын пайдалану	6
Ақпаратты табу	7
2 HP 3D Фильм технологиясын пайдалану	10
3D қауіпсіздік ақпараты	11
Стереоскопиялық көру және 3D дегеніміз не	13
HP 3D Фильм технологиясы дегеніміз не	14
Белсенді модуляторы бар HP 3D көзілдіріктерін пайдалану	15
3D көзілдіріктерінің бөліктерін анықтау	16
3D көзілдіріктерін қосу және өшіру	16
3D Фильм технологиясын пайдалану	17
3D пішімдерін түсіну	19
CyberLink PowerDVD бағдарламалық құралын пайдалану	19
3D ойындарын ойнату	19
3D мазмұнын 3D теледидарынан көру	20
3D көзілдіріктеріне күтім көрсету	21
Саптамаларды пайдалану	21
Батареяны ауыстыру	22
3D көзілдіріктерін тазалау	23

Көзілдіріктерді қолдану	24
Ақаулықтарды жою және жиі сұралатын сұрақтар	24
Мен 3D мазмұнын көре алмаймын	24
Компьютерімде қандай 3D пішімдеріне қолдау көрсетіледі	25
Маған стереоскопиялық 3D ойындарын компьютерімде ойнауға бола ма	25
Кинотеатрда 3D пішімінде фильм көру үшін 3D көзілдіріктерін киюге бола ма	25
3D көзілдіріктерін рецепт бойынша берілген көзілдіріктердің үстіне киюге бола ма	25
3D көзілдіріктерін қалай тазалауға болады	25
3D мазмұнын көру кезінде компьютерге қаншалықты жақын отыруға болады	26
Мен 3D мазмұнын көру кезінде суреттің жыпылықтауын байқаймын	26
Күн сәулелерімен өте жарықтандырылған бөлмеде терезенің қасына отырғанда 3D көзілдіріктерін пайдалануға бола ма	26
3D көзілдіріктері үшін қандай батарея түрі керек	27
3D мазмұнын сыртқы 3D теледидарымнан көру үшін, компьютерімді пайдалана аламын ба	27

3 Компьютермен танысу **28**

Жоғарғы жағы	28
TouchPad	28
Шамдар	29
Түймешік	31
Пернелер	32
Алдыңғы жағы	33
Оң жағындағы	34
Сол жағындағы	35
Дисплей	37
Түбіндегі	39

4 Желі орнату	41
Интернет провайдерін (ISP) пайдалану	42
Сымсыз желіге қосылу	43
Бар WLAN желісіне қосылу	43
Жаңа WLAN желісін орнату	44
Сымсыз жол жоспарлағыш параметрлерін реттеу	45
WLAN жүйесін қорғау	45
5 Пернетақта мен меңзегіш құрылғылар	46
Пернетақтаны пайдалану	46
Өрекет пернелерін пайдалану	46
Пернелер тіркесімдерін пайдалану	49
Пернетақтаны пайдалану	50
Кірістірілген сандық пернетақта пайдалану	50
Меңзегіш құрылғыларды пайдалану	51
Меңзегіш құрылғылардың басым параметрлерін орнату	51
TouchPad құрылғысын пайдалану	52
Сенсорлы тақтаны өшіру және қосу	52
Шарлау	53
Таңдау	53
Сенсорлы тақта іс-қимылдарын пайдалану	54
Жылжу	55
Шымшу/масштаптау	56
Айналдыру	57
Сызу	58
6 Күтім	59
Батареяны шығарып алу немесе салу	59
Батареяны шығарып алу	59
Батареяны салу	61
Қатты дискіні ауыстыру немесе жаңарту	62
Қатты дискіні шығарып алу	62

Қатты дискіні орнату	66
Жад модулін қосу немесе ауыстыру	68
Компьютерді тазалау	76
Дисплейді тазалау	76
Сенсорлы тақта мен пернетақтаны тазалау	76
Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту	76
7 Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру	77
Қалпына келтіру	78
Қалпына келтіру дискілерін жасау	78
Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру	80
Арнайы қалпына келтіру бөлімі арқылы қалпына келтіру (тек таңдаулы үлгілерде)	81
Қалпына келтіру дискілерінен қалпына келтіру	82
Компьютердің жүктелу тәртібін өзгерту	82
Мәліметтердің сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру	83
Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану	84
Windows жүйесін бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану	85
Бастапқы қалпына келтіру нүктелерін жасау уақыты	85
Жүйені қалпына келтіру нүктесін жасау	85
Алдыңғы күнге және уақытқа дейін қалпына келтіру	86
8 Тұтынушыларды қолдау	87
Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметімен байланысу	87
Жапсырмалар	88
9 Техникалық сипаттамасы	90
Тұтынылатын қуат	91
Сыртқы HP қуат блогының тұрақты ток ашасы	91
Жұмыс ортасы	92

Қосымша а RAID 0 (тек таңдаулы үлгілерде)	93
RAID 0 ажырату	93
Индекс	95

1 Қош келдіңіз

Осы тарауда мына бөлімдер тақырыптары қамтылған:


- [Қандай келесі қадам](#)
- [Ақпаратты табу](#)

Компьютер орнатылғаннан және тіркелгеннен кейін мына әрекеттерді жүзеге асыру маңызды:

- **Интернетке қосылу** — Интернетке қосылу үшін, сымды және сымсыз желі параметрлерін реттеңіз. Қосымша ақпарат алу үшін, [Желі орнату 41-бетте](#) тарауын қараңыз.
- **Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды жаңарту** — вирустардан болатын зақымнан компьютерді қорғаңыз. Бағдарламалық құрал компьютерде алдын ала орнатылады да, тегін жаңартуларға жазылу шектеулі болады. Қосымша ақпарат алу үшін *HP ноутбугі үшін анықтамалық нұсқаулықты* қараңыз.
- **Компьютермен танысу**—Компьютер мүмкіндіктері туралы ақпарат алу үшін қолданылады. Қосымша ақпаратты [Компьютермен танысу 28-бетте](#) және [Пернетақта мен меңзегіш құрылғылар 46-бетте](#) атты бөлімдерден қараңыз.
- **Қалпына келтіру дискілерін немесе қалпына келтіру флэш-жадын жасау** — жүйенің тұрақсыздығы немесе ақауы пайда болғанда, амалдық жүйенің және бағдарламалық құралдың зауыттық параметрлерін қалпына келтіріңіз. Нұсқауларды [Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру 77-бетте](#) атты бөлімнен қараңыз.
- **Орнатылған бағдарламалық құралды табу** — компьютерде алдын ала орнатылған бағдарламалық құралдар тізімін қараңыз. **Пуск (Бастау) > Все программы** (Барлық бағдарламалар) тармақтарын таңдаңыз. Компьютермен жеткізілетін бағдарламалық құралдарды пайдалану туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін бағдарламалық құралмен қоса немесе өндірушінің веб-тарабында қамтамасыз етілуі мүмкін бағдарламалық құралды өндірушінің нұсқауларын қараңыз.

Қандай келесі қадам

HP CoolSense

HP CoolSense  технологиясы компьютер жұмысы мен температурасын және ішкі желдеткіш жылдамдығы мен шуын жақсартатын алдын ала анықталған режимдерді пайдалану арқылы компьютеріңіздің жылу параметрлерін толығымен басқару мүмкіндігін береді.


- **Қосулы** — температураның жоғарылауын болдырмау үшін жылу параметрлерін орнатады және компьютерге қол тигізгенде ол суық болады.
- **Өшірулі** — CoolSense мүмкіндігі өшірілген кезде компьютеріңіздің өнімділігі өте жоғары болады, бірақ Қосулы режимімен салыстырғанда бұл параметрде температура жоғары көтерілуі мүмкін.
- **Автоматты** (әдепкі параметр) — компьютердің тұрақты тұрғанын немесе мобильді болғанын автоматты анықтап, пайдалану ортасына сәйкес келу үшін жылу параметрлерін оңтайландырады. Компьютер тұрақты тұрғанда, HP CoolSense мүмкіндігі компьютер жұмысына көп көңіл бөліп, Өшірулі режиміне орнатылады. Компьютер мобильді болғанда, HP CoolSense мүмкіндігі температураға көп көңіл бөліп, Қосулы режиміне орнатылады.

Салқындату параметрлерін өзгерту үшін, мына әрекеттер орындаңыз:

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > HP CoolSense** тармақтарын таңдаңыз.
2. Салқындату режимін таңдаңыз.


HP 3D Фильм технологиясы


Тамаша студиялық сапасы бар стереоскопиялық 3D Blu-ray фильмдерді қарап, стерео 3D ойындарын ойнап, 3D фотосуреттер мен бейнелерін көресіз. Кірістірілген 3D функциялары, сондай-ақ 3D көзілдіріктері тамаша 3D пішімінде көру үшін барлық мүмкіндіктер береді. Қосымша ақпарат алу үшін, [HP 3D Фильм технологиясын пайдалану 10-бетте](#) тарауын қараңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** 3D Фильм технологиясын және 3D көзілдіріктерін пайдаланбас бұрын 3D пайдалану қауіпсіздік шаралары туралы ақпарат оқып шығыңыз. Егер стереоскопиялық 3D режимінде көру кезінде физикалық проблеманы сезіп байқасаңыз, дәрігерге барып көріңіз. Қосымша ақпаратты [3D қауіпсіздік ақпараты 11-бетте](#) бөлімінен қараңыз.

Intel сымсыз дисплейі

Intel® сымсыз дисплейі мазмұнды компьютерден теледидарға сымсыз беріп ортақтасуға мүмкіндік береді. Сымсыз дисплейді пайдалану үшін, үшінші жақ өндірушінің сымсыз ТД адаптері (бөлек сатып алынады) қажет. Blu-ray дискілері сияқты шығатын деректерді қорғауды талап ететін мазмұн Intel сымсыз дисплейінде ойнатылмайды. Сымсыз адаптерді пайдалану туралы толық ақпарат алу үшін, құрылғы өндірушісінің нұсқауларын қараңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Сымсыз дисплейді пайдаланбас бұрын сымсыз байланыстың компьютерде қосылғанына көз жеткізіңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Intel сымсыз дисплейінде 3D пішімінде сыртқы дисплейлерді ойнатуға қолдау көрсетілмейді.



Beats Audio

Beats™ Audio — таза дыбысты сақтай отырып, терең, басқарылатын бас беретін жетілдірілген дыбыс профилі. Beats Audio әдепкіде қосулы болады.

- ▲ Beats Audio төменгі жиілік параметрлерін азайту немесе ұлғайту үшін, **fn+b** пернелерін басыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Сонымен қатар, төменгі жиілік параметрлерін Windows® амалдық жүйесі арқылы көріп, басқаруға болады. Басс параметрлерін көру және басқару үшін, **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Оборудование и звук (Жабдық және дыбыс) > Панель управления Beats Audio (Beats Audio басқару тақтасы)** пәрмендерін таңдаңыз.


Төменде берілген кестеде **fn+b** пернелерін басқан кезде көрсетілетін Beats Audio белгішелері сипатталады.

Белгіше	Сипаттама
	Beats Audio қосылғанын көрсетеді.
	Beats Audio ажыратылғанын көрсетеді.

Графикалық режимдерді ауыстырып қосу

Компьютерде ауыстырылатын графика мен графиканы өңдейтін екі режим бар. Айнымалы токтан батарея қуатына ауысқан кезде, батареяның зарядын үнемдеу мақсатында, компьютер жоғары өнімділік режимінен үнемдеу режиміне ауысуы мүмкін. Осыған ұқсас, батарея зарядынан айнымалы ток көзіне қосылған кезде, компьютер қайтадан жоғары өнімділік режиміне қосылуы мүмкін.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютердің дисплейіне 3D пішімінде ойнату кезінде өнімділігі жоғары кірістірілген сызбалық процессор талап етіледі.


 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір кездері, компьютер жұмысының өнімділігін арттыру үшін жүйе режимдерді ауыстыруға рұқсат бермеуі, немесе керісінше ауыстыруды сұрауы мүмкін. Сондай-ақ, ауыстырмас бұрын барлық бағдарламаларды жабу керек болуы мүмкін.

Айнымалы ток пен батарея қуат ауыстырып қосқан кезде компьютердің графикалық режимдерді қосқалы жатқанын байқауға болады. Керек болса, бір графикалық режимді пайдалануды жалғастыру параметрін таңдауға болады. Компьютер режимдерді қосып жатқанда экран бірнеше секундтай бос болады. Қосу әрекеті аяқталған кезде жүйенің хабарландыру аймағында хабарландыру пайда болып, экрандық сурет қайтадан көрсетіледі.

AMD Eyefinity Multi-Display технологиясы


Компьютер қолдайтын AMD™ Eyefinity технологиясының мына мүмкіндіктері бар:

- Егер дисплейлердің біреуі компьютердегі Mini DisplayPort ағытпасына жалғанса, 3-ке дейін сыртқы дисплейді пайдалануға болады.
- Кескінді сыртқы дисплейлердің тобы арқылы бөліп бір үлкен экраннан көрсете отырып жаңа дисплей конфигурациясын ұсынады.


 **ЕСКЕРІМ:** AMD Eyefinity технологиясында 3D пішімінде ойнатуға қолдау көрсетілмейді.

Бір үлкен бейне (SLS) дисплей конфигурациясының мысалы

3 сыртқы дисплей пайдаланып, кескінді бір үлкен экранда көрсету барысында компьютер дисплейі өшірулі болады. 3 сыртқы дисплей компьютерге сыртқы монитор порты (VGA), Mini DisplayPort ағытпасы және HDMI порты арқылы қосылады.

 **ЕСКЕРІМ:** SLS режимін қалыптастыру үшін барлық дисплейлерді бірдей ажыратымдылыққа теңшеу қажет. Түрлі базалық ажыратымдылығы бар дисплейлер базалық емес ажыратымдылықтарды пайдалану арқылы SLS режимін қалыптастыра алады.



 **ЕСКЕРІМ:** Windows 7 жүйесі 2 сыртқы дисплейді ғана қолдайды. Windows 7 жүйесінде 3 сыртқы дисплей параметрлерін реттеу үшін [AMD Catalyst Control Center басқару орталығын пайдалану 6-бетте](#) бөлімін қараңыз.

Экрандық суретті ауыстырып көрсету

Қосылған дисплейлердің санына қарамастан 4 конфигурация таңдауы көрсетілетін тілдесу терезесін ашу үшін [Экрандық суретті ауыстырып көрсету](#) әрекет пернесін басыңыз.

- Компьютер ғана режимі — сыртқы дисплейді өшіріп, кескінді компьютер дисплейінде ғана көрсетеді.
- Қайталама көшірмесі режимі—компьютер дисплейінің көшірмесін компьютердегі сыртқы монитор портына (VGA) қосылған сыртқы дисплейде көрсетеді.
- Кеңейтілген режим—жұмыс үстелін компьютер дисплейімен қатар қосылған барлық сыртқы дисплейлерде көрсетеді.
- Проектор ғана режимі—компьютер дисплейін өшіріп, қосылған барлық сыртқы дисплейлерді кеңейтілген жұмыс үстеліне ауыстырады.



ЕСКЕРІМ: Бейне шығыс және әдепкі шығыс құрылғыларды AMD Catalyst™ басқару орталығы арқылы басқаруға болады.

AMD Catalyst Control Center басқару орталығын пайдалану

Жұмыс үстелдері мен дисплейлерді баптау және AMD Eyefinity құралын басқару үшін AMD Catalyst басқару орталығын пайдалану қажет.

AMD Catalyst басқару орталығына кіру үшін

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Центр управления Catalyst (Catalyst басқару орталығы) > CCC** тармақтарын таңдаңыз.
2. **Рабочий стол и дисплеи (Жұмыс үстелі және дисплейлер)** санатын таңдаңыз.



ЕСКЕРІМ: AMD Catalyst Control Center басқару орталығы туралы қосымша ақпарат алу үшін, бағдарламалық құрал анықтамасын қараңыз.

Ақпаратты табу

Түрлі тапсырмаларды орындауға көмектесетін бірнеше құрал компьютерде орнатылып келеді.

Құралдар	Берілетін ақпарат
<i>Жылдам орнату</i> постері	<ul style="list-style-type: none">• Компьютерді орнату туралы• Компьютер бөліктерін анықтау бойынша көмек
<i>Жұмысқа дайындық</i> Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін	<ul style="list-style-type: none">• Компьютер сипаттары• Сымсыз желіге қосылу
Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз. – немесе –	<ul style="list-style-type: none">• Пернетақтаны және меңзегіш құрылғыларды пайдалану• Қатты диск және жад модульдерін ауыстыру немесе жаңарту
Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > Документация HP (HP құжаттамасы) тармақтарын таңдаңыз.	<ul style="list-style-type: none">• Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіруді орындау• Тұтынушыларды қолдау қызметіне хабарласу• Компьютер сипаттамасы
<i>HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығы</i> Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін	<ul style="list-style-type: none">• Қуатты басқару мүмкіндіктері• Батареяның қызмет ету мерзімін ұзарту туралы
Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз. – немесе –	<ul style="list-style-type: none">• Компьютердің мультимедиалық мүмкіндіктерін пайдалану туралы• Компьютерді қорғау туралы• Компьютерге күтім көрсету туралы
Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > Документация HP (HP құжаттамасы) тармақтарын таңдаңыз.	<ul style="list-style-type: none">• Бағдарламалық құралдарды жаңарту туралы
Анықтама және қолдау орталығы Анықтама және қолдау орталығына кіру үшін, Пуск (Бастау) түймесігін басып, > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) тармағын таңдаңыз.	<ul style="list-style-type: none">• Амалдық жүйе туралы ақпарат• Бағдарламалық құрал, драйвер және BIOS жаңартулары• Ақаулықтарды жою құралдары• Техникалық қолдауға қол жеткізу
ЕСКЕРІМ: Арнайы ел немесе аймақ қолдауы үшін http://www.hp.com/support , торабына кіріп, елді немесе аймақты таңдаңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.	

Құралдар	Берілетін ақпарат
<p><i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер</i></p> <p>Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін</p> <p>Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз.</p> <p>– немесе –</p> <p>Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > Документация HP (HP құжаттамасы) тармақтарын таңдаңыз.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Заңдық және қауіпсіздік ақпараты • Батареяларды қоқысқа тастау туралы ақпарат
<p><i>Қауіпсіз және қолайлы жұмыс жасау нұсқаулығы</i></p> <p>Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін</p> <p>Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары) жолын таңдаңыз.</p> <p>– немесе –</p> <p>Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > Документация HP (HP құжаттамасы) тармақтарын таңдаңыз.</p> <p>– немесе –</p> <p>http://www.hp.com/ergo веб-торабына өтіңіз.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Жұмыс компьютерін дұрыс орнату, дұрыс отыру, денсаулық сақтау және жұмыс жасау салттары • Электр және механикалық қауіпсіздік ақпараты
<p><i>Worldwide Telephone Numbers (Әлемдік телефон нөмірлері)</i> кітапшасы</p> <p>Бұл кітапша компьютермен қоса жеткізіледі.</p>	<p>HP Қолдау қызметінің телефон нөмірлері</p>
<p>HP веб-торабы</p> <p>Осы веб-сайтты көру үшін, http://www.hp.com/support мекенжайы бойынша өтіңіз.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қолдау қызметі туралы ақпарат • Бөлшектерге тапсырыс беру және қосымша анықтама алу • Бағдарламалық құрал, драйвер және BIOS жаңартулары • Құрылғы үшін қолданылатын керек-жарақтар

Құралдар	Берілетін ақпарат
<p><i>Шектеулі кепілдік*</i></p> <p>Кепілдікті қолдану:</p> <p>Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары) > Просмотреть информацию о гарантии (Кепілдік ақпаратын көру) тармағын таңдаңыз.</p> <p>– немесе –</p> <p>Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > Документация HP (HP құжаттамасы) > Просмотреть информацию о гарантии (Кепілдік ақпаратын көру) тармақтарын таңдаңыз.</p> <p>– немесе –</p> <p>http://www.hp.com/go/orderdocuments веб-торабына өтіңіз.</p>	<p>Кепілдік туралы ақпарат</p>
<p>*Өнімге қатысты тікелей берілген HP шектеулі кепілдігін компьютердегі және/немесе қораптың ішіндегі ықшам дискідегі/DVD дискісіндегі электрондық нұсқаулықтармен бірге табуға болады. Кейбір елдерде/аймақтарда HP шектеулі кепілдігі басып шығарылған түрде қорап ішінде берілуі мүмкін. Кепілдіктің басып шығарылған нұсқасы берілмейтін елдерде/аймақтарда, ондай көшірмеге http://www.hp.com/go/orderdocuments веб-торабында тапсырыс беруге немесе мына мекенжайға жазуға болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ● Солтүстік Америкада: Hewlett Packard, MS POD, 11311 Chinden Blvd, Boise, ID 83714, АҚШ ● Еуропада, Таяу Шығыста, Африкада: Hewlett-Packard, POD, Via G. Di Vittorio, 9, 20063, Cernusco s/Naviglio (MI), Италия ● Азия-Тынық мұхит аймағында: Hewlett-Packard, POD, P.O. Box 200, Alexandra Post Office, Сингапур 911507 <p>Өнімнің нөмірін, кепілдік мерзімін (сериялық нөмір жапсырмасында жазылады), атыңыз бен пошталық мекенжайыңызды көрсетіңіз.</p>	

2 HP 3D Фильм технологиясын пайдалану

Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:

- [3D қауіпсіздік ақпараты](#)
- [Стереоскопиялық көру және 3D дегеніміз не](#)
- [HP 3D Фильм технологиясы дегеніміз не](#)
- [Белсенді модуляторы бар HP 3D көзілдіріктерін пайдалану](#)
- [3D Фильм технологиясын пайдалану](#)
- [3D пішімдерін түсіну](#)
- [CyberLink PowerDVD бағдарламалық құралын пайдалану](#)
- [3D ойындарын ойнату](#)
- [3D мазмұнын 3D теледидарынан көру](#)
- [3D көзілдіріктеріне күтім көрсету](#)
- [Ақаулықтарды жою және жиі сұралатын сұрақтар](#)

3D қауіпсіздік ақпараты

3D көзілдіріктерін және 3D Фильм технологиясын пайдаланбас бұрын төменде берілген барлық қауіпсіздік шараларын мұқият оқып шығыңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Егер 3D Фильм технологиясы параметрлерін орнатқаннан кейін 3D мазмұнын көре алмасаңыз, HP компаниясы оны пайдалануды тоқтатуға кеңес береді. Егер стереоскопиялық 3D режимінде көру кезінде физикалық проблеманы байқасаңыз, дәрігерге барып көріңіз.

Фотосензитивті қояншық ұстамалары—Кейбір көрнекті суреттерді, 3D мазмұнында көрсетілуі мүмкін жыпылықтайтын жарықты немесе үлгілерді қоса, көретін кейбір адамдардың ұстама немесе басқа асқыну жайттарына ұшырауы мүмкін. Егер сіз немесе туысқандарыңыздың ұстамалары не қояншық ауруы болса, 3D көзілдіріктерін және 3D Фильм технологиясын пайдаланбас бұрын дәрігерге барып көріңіз. Отбасында қояншық ауруы немесе ұстамалары болмағандардың да фотосензитивті қояншық ұстауларына әкелуі мүмкін анықталмаған хал-жағдайы болуы мүмкін.

Егер төменде сипатталған белгілердің кез келгені сізде байқалса, 3D мазмұнын көруді бірден тоқтатып, дәрігерге барып көріңіз: **өзгертілген көру қабілеті, жеңіл бас ауруы, бас айналуы, көздің немесе бұлшық ет тырыспалары сияқты еріксіз қимылдар, конвульсиялар, лоқсу, қабылдау сезімінің жоғалуы, ойлауда шатастық, түйілу және/немесе дезориентация.** Ата-аналар олардың балаларын бақылап, оларда жоғарыда аталған белгілер бар ма, жоқ па сұрауы тиіс. Ересектермен салыстырғанда балалар мен жасөспірімдерде бұл белгілер жиі кездесуі мүмкін.

Егер ұйықтағыңыз келсе, шаршап сезінсеңіз немесе ауырсаңыз, 3D мазмұнын көрмеңіз. 3D мазмұнын 3D көзілдіріктерін киіп ұзақ уақыт көру бас ауруына немесе қажып талуға әкелуі мүмкін. Егер басыңыз ауырса не айналса немесе сіз қажып талсаңыз, 3D көзілдіріктерін пайдалануды тоқтатып, демалыңыз.

Көру сезіміңіз 3D көзілдіріктері арқылы көруге бейімделу үшін өзгеруі мүмкін. 3D көзілдіріктерін шешкеннен кейін әдеттегі әрекеттер орындауға кіріспес бұрын бірнеше минут күтіңіз.

Кейбір 3D мазмұны көрушілерді қатты таң қалдыруы мүмкін. Жүкті әйелдерге, жасы үлкен адамдарға, қояншық ауруына

шалдыққандарға және физикалық хал-жағдайы қатты болғандарға компьютердің 3D мүмкіндігін пайдаланбауға кеңес беріледі.

Жас балалардың (әсіресе, 6 жасқа дейінгі балалардың) көру қабілеті дамуда. Жас балаларға 3D бейне суреттерін көруге немесе 3D бейне ойындарын ойнауға рұқсат бермес бұрын дәрігерге (мысалы, балалар дәрігеріне немесе көз дәрігеріне) барып, кеңес сұраңыз. Ата-аналар немесе қамқоршылар балалардың аталмыш ұсыныстарын орындауын қадағалауы тиіс.

Тұншығу қаупі—3D көзілдіріктерінің кішкентай бөліктері бар және олар сәбилер мен кішкентай балалардың ойнауына арналмаған.

3D көзілдіріктерін суға жақын жерде пайдаланбаңыз.

3D көзілдіріктерінің линзалары әйнектен жасалған. Линзаларға зақым келтірмеу үшін көзілдіріктерді пайдалану кезінде сақ болыңыз және оларды пайдаланбаған кезде дұрыс сақтаңыз. Егер зақым немесе сызат белгілері линзаларда болса, көзілдіріктерді пайдаланбаңыз.

3D көзілдіріктері рецепт бойынша ұсынылмайтын оптика, күн сәулелерінен қорғайтын көзілдіріктер немесе қорғаныс көзілдіріктер болып саналмайды. Жеке басқа жарақат келтірмеу үшін көзілдіріктерді әдеттегі көзілдіріктер сияқты пайдаланбаңыз.

Стереоскопиялық көру және 3D дегеніміз не

Заттарды екі көзіңізбен көрген кезде, іс жүзінде, бір суретке біріктірілген екі суретке қараңыз. Оң көзіңіз бен сол көзіңіз бір бөлек суретті миыңызға жеткізеді және миыңыз бұл екі суретті үш-өлшемді бір суретке біріктіреді.

Өткенде көптеген фильмдерде экранға бір сурет қана көрсетілде, бірақ 3D әсері басқа құралдар көмегімен көрсетіледі. Алайда, белсенді модуляторы бар HP 3D көзілдіріктері 3D көруіне ұқсайтын әрбір көзге түрлі көрініс береді.

3D мазмұнының әрбір кескінінің құрамында екі сурет бар, біреуі оң камера түсіретін және басқасы сол камера түсіретін сурет. Бұл көріністер компьютерде өте жоғары жылдамдықпен өзгеріп көрсетілгенде адамның көздері бұл көріністің өзгеруін байқамайды.

3D көзілдіріктерінің әрбір линзасы модуляторлармен жабдықталған. Оң камера түсіретін сурет экранда көрсетілгенде, 3D көзілдіріктерінің сол жақ линзасы жабылып, оң көзге суретті көруге мүмкіндік береді. Сол камера түсіретін сурет экранға шығарылғанда, аталмыш үрдіс кері ретімен орындалады және сол көз ғана суретті көреді. Өте жылдам өзгеріп көрсетілетін суреттер бір қалыпты кескінді жасап, көруші 3D ортасының ішінде болғандай етіп көрсетеді.

HP 3D Фильм технологиясы дегеніміз не

3D Фильм технологиясы нақты, иммерсивті түрде 3D пішімінде көру мүмкіндігін береді. Компьютерде Blu-ray 3D фильмдерін, стерео 3D ойындарын немесе 3D фотосуреттер мен бейнелерді 3D көзілдіріктері арқылы көрген кезде, сурет экраннан шыққан сияқты көрінеді. 3D мүмкіндігі бірдей жаңа көру мүмкіндігін береді. 3D Фильм технологиясы арқылы әдеттен тыс 3D көрінісін көруге қажет барлық бөліктер сізде бар. Студиялық сапалы 3D графиканы көру үшін қосымша бағдарламалық құрал талап етілмейді.

Мына элементтер 3D көрінісін көруге арналған:

- 3D Blu-ray мазмұны үшін арналған және оңтайландырылған 3D технологиясы
- 3D компьютер дисплейімен сымсыз қадамдастырылатын белсенді модуляторы бар 3D көзілдіріктері
- жоғары ажыратымдылықты 1080p 3D толық дисплейі
- TriDef 3D Experience Ignition ойындар ойнатқышы
- CyberLink PowerDVD





ЕСКЕРІМ: Таңдаулы компьютер модельдерінде бар 3D мазмұны 3D мүмкіндігін бірден тамашалауды бастауға мүмкіндік береді.

Компьютер 2D және 3D пішімдерін қолдайды. Стереоскопиялық 3D мүмкіндігі анықталғанға және 3D көзілдіріктері қосылғанға дейін компьютер стандартты 2D режимінде жұмыс істейді.

Белсенді модуляторы бар HP 3D көзілдіріктерін пайдалану


3D мүмкіндігі белсенді 3D мазмұнынан және 3D көзілдіріктерінен басталады. 3D көзілдіріктері батареяда жұмыс істейді, олар 3D компьютеріндегі инфрақызыл (IR) сәуле шығарғыштарға сымсыз байланыстырылады.

 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** 3D көзілдіріктерін пайдаланбас бұрын 3D қауіпсіздігі туралы ақпаратты оқыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** 3D оптималды көру үшін сіз бен компьютер дисплейінің арасында шамамен **1,5 метрден** (5 фут) аспайтын арақашықтық болғаны жөн. Көру бұрышына байланысты, дисплейден болған жұмыс арақашықтығы әртүрлі болуы мүмкін.

Стереоскопиялық 3D суреттерін көру кезінде, басыңызды бейнеге қарай көлденең иеменіз.

Инфрақызыл сәуле шығарғыштар айналасындағы аймақтарды тез арада кедергілерден тазалаңыз. Инфрақызыл сәуле шығарғыштарды орналастыру туралы ақпарат алу үшін [Компьютермен танысу 28-бетте](#) бөлімін қараңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Көзілдіріктерді пайдаланбас бұрын, линзалардың екі жағынан үлдірін (тек таңдаулы үлгілерде) алыңыз.

3D көзілдіріктерінің бөліктерін анықтау



Бөлік

- (1) Батарея бөлімі

ЕСКЕРІМ: Батарея алдын ала орнатылған және ол қорғаныш кесіндімен қамтамасыз етілуі мүмкін. Егер кесінді болса, оны тартып, алыңыз.

- (2) Саптамалар (3)

ЕСКЕРІМ: Өлшемі түрлі 3 саптама бар. Саптамалардың біреуі көзілдіріктерге орнатылды және басқа екі қосымша саптама көзілдіріктермен бірге жеткізіледі.

3D көзілдіріктерін қосу және өшіру


3D көзілдіріктерін пайдалану оңай:


- 3D көзілдіріктері автоматты түрде қосылады және өшіріледі. Қосу немесе өшіру қосқышы жоқ.
- 3D мазмұны ойнатыла бастаған кезде, көзілдіріктер компьютерден шығатын инфрақызыл сигналды анықтап, автоматты қосылады.

- 3D мазмұны ойнатыла бастағаннан кейін линзалар қарайып кетуі мүмкін және көзілдіріктер қосылғанда кескін жыпылықтауы мүмкін.
- Көзілдіріктерге орнатылған батарея шамамен 180 сағаттық 3D көруін тамашалауға мүмкіндік береді. Батарея қуатын сақтау үшін, егер 5 секунд ішінде инфрақызыл сигнал анықталмаса, көзілдіріктердің күту күйі қосылады.


3D Фильм технологиясын пайдалану

3D компьютерінің параметрлері орнатылғаннан кейін 3D мазмұнын дұрыс көре алатындығыңызды тексеруге болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютердің 3D мазмұнын көру кезінде айнымалы қуат көзіне жалғандығына көз жеткізіңіз. Компьютердің дисплейіне 3D пішімінде ойнату кезінде өнімділігі жоғары кірістірілген сызбалық процессор талап етіледі.

 **ЕСКЕРІМ:** Стереоскопиялық 3D әсері қараңғы бөлмеде тиімді жұмыс істейді. 3D оптималды көру үшін, экран жарықтығын басқару элементтері 3D мазмұнын көру кезінде жұмыс істемейді.

1. Бұл 3D мазмұнын ашу үшін, мына әрекеттердің біреуін орындаңыз:
 - Компьютердің жұмыс үстеліндегі 3D показ (3D көрсетілімі) белгішесін екі рет басып, мәзірден 3D клипін таңдаңыз.
 - Blu-ray 3D фильмін (бөлек сатылады) дискілер салынатын ұясы бар компьютердің оптикалық диск жетегіне салып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Дискіні ол нық отырғанша оптикалық диск жетегіне салыңыз. Дискіні шығару үшін пернетақтың үстіңгі оң жағында орналасқан оптикалық дискіні шығару пернесін басыңыз.

2. 3D көзілдірігін киіңіз. Егер қажет болса, жеткізілетін саптамаларды пайдалану арқылы көзілдіріктерді реттеңіз.
3. 3D көзілдіріктері 3D мазмұны ойнатыла бастағаннан және инфрақызыл (ИК) сигнал анықталғаннан кейін автоматты

қосылады. Көзілдіріктер қосылғаннан кейін линзалар қарайып кетуі мүмкін немесе кескіннің жыпылықтауы мүмкін.

Егер 3D режимінде нақты сурет көрсетілсе, бұл параметрлерді орнату үрдісінің аяқталғанын және 3D фильм мазмұнын көруге дайын екеніңізді білдіреді!



ЕСКЕРІМ: 3D Фильм технологиясы және бөлмені жарықтандыру жұмыс жасайтын жиіліктердің әртүрлі болуы суреттің жыпылықтауына әкелуі немесе көзілдіріктер жұмысына кедергі жасауы мүмкін. Оны болдырмау үшін, бөлмедегі шамдардың жарықтығын азайту немесе өшіру қажет.



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Егер сіз 3D мазмұнын көре алмасаңыз, 3D көзілдіріктерін шешіп, 3D Фильм технологиясын пайдалануды тоқтатыңыз. Егер стереоскопиялық 3D режимінде көру кезінде физикалық проблеманы сезінсеңіз, 3D қауіпсіздігі туралы ақпарат бөлімін қараңыз және дәрігерге барып көріңіз.

3D пішімдерін түсіну

Мына 3D пішімдері компьютерде жұмыс істейді:

- Blu-ray 3D фильмдері
- Стереоскопиялық 3D ойындары
- 3D пішімінде ойнатуға арналған 3D MPEG 4 MVC файлдары
- 3D пішімінде ойнатуға арналған 3D H.264 MVC және Fujifilm AVI қос ағынды бейне файлдар пішімдері
- 3D пішімінде фотосуреттерді көруге арналған 3D Fujifilm MPO файлдары



ЕСКЕРІМ: 3D ойнату функциясы тек толық экранды режимде жұмыс істейді.

CyberLink PowerDVD бағдарламалық құралын пайдалану

CyberLink PowerDVD құралында 3D Blu-ray DVD дисктерін, 3D бейне файлдарын және түпнұсқалық 3D фотосуреттерін ойнатуға қолдау көрсетіледі. Түпнұсқалық 3D Blu-ray DVD дискісін салған немесе түпнұсқалық 3D бейне не фото файлыны ойнатқан кезде, егер 3D режимі қосылған болса, файл 3D пішімінде автоматты түрде ойнатылады.

Ойнату кезінде жақсартылған стереоскопиялық 3D пішімінде көруге арналған 3D конфигурациясының параметрлерін қолмен реттей аласыз. CyberLink PowerDVD бағдарламасын пайдалану туралы ақпаратты бағдарламалық құралдың анықтамасынан қараңыз.

- ▲ CyberLink PowerDVD бағдарламасын бастау үшін, **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **CyberLink PowerDVD** тармақтарын таңдап, **CyberLink PowerDVD** басыңыз.

3D ойындарын ойнату

3D ойындарын компьютеріңізді TriDef 3D Experience Ignition ойындар ойнатқышын пайдалану арқылы ойната аласыз.

- ▲ Ойындар ойнатқышын пайдалану үшін, **Пуск** (Бастау) > **TriDef 3D** > **TriDef 3D Ignition** тармақтарын таңдаңыз.

3D мазмұнын 3D теледидарынан көру

HDMI 1.4 қосқышы Blu-ray 3D фильмдерін сыртқы 3D HDTV немесе 3D проекторынан (бөлек сатып алынады) ойнатуға мүмкіндік береді. Мазмұнды 3D теледидарынан көру үшін, компьютер тек қана Проектор режиміне орнатылып, жылдамдығы жоғары HDMI кабелі арқылы теледидарға жалғанған болуы тиіс. Компьютермен емес, теледидармен жеткізілетін 3D көзілдіріктерін пайдалануыңыз тиіс.



ЕСКЕРІМ: Тек қана шахмат тақтасы, қатарлар алмасатын және HDMI 1.4 уақыт тізбектілігі сияқты 3D теледидар түрлеріне қолдау көрсетіледі.




ЕСКЕРІМ: 3D пішімінде фотосуреттер мен бейнелерді тек қана компьютер дисплейінен ойнатуға болады.


3D көзілдіріктеріне күтім көрсету

Саптамаларды пайдалану

3D көзілдіріктерінің өлшемі түрлі 3 саптамасы бар. Саптамалардың біреуі зауытта орнатылады және басқа екі қосымша саптама көзілдіріктермен бірге жеткізіледі. Көзілдіріктерді киіп көріңіз және, егер қажет болса, дұрыс өлшемді саптаманы таңдау үшін оларды ауыстырыңыз. Егер қажет болса, саптамасыз көзілдіріктерді киюге болады.

 **ЕСКЕРІМ:** 3D көзілдіріктері стандартты рецепт бойынша берілетін көзілдіріктерге ұқсас жасалады.

- ▲ Саптаманы қосу үшін оны көзілдіріктерге енгізіңіз. Саптаманы алу үшін оны көзілдіріктерден тартып алыңыз.



Батарейаны ауыстыру


3D көзілдіріктеріндегі батарея батарея бөліміне алдын ала орнатылып келеді және ол шамамен 180 сағаттық 3D көруін тамашалауға мүмкіндік береді. HP компаниясы батареяны жылына бір рет ауыстыруға кеңес береді. Көзілдіріктерді бір жыл ішінде күту күйінде сақтауға болады. 3D көзілдіріктерінде жалпы CR2032 типті батарея қолданылады. Бұл батареяларды ауыстыру оңай және оларды батареялар сатылатын орындардан сатып алуға болады.

⚠ АБАЙ БОЛҒЫЗ! Батареяны тек CR2032 типті батареяға ғана ауыстырыңыз. Басқа батареяны пайдалану өртке немесе жарылысқа әкелуі мүмкін.

Пайдаланыстан шыққан батареяны жергілікті талаптарға сәйкес және дер кезінде қоқысқа тастаңыз. Батареяны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.


Батареяны ауыстыру:

1. Батарея бөлімінің қаппағын **(1)** төмен жылжытып, қолданылған батареяны **(2)** алып тастаңыз.



2. Жаңа батареяны (1) оң (+) жағын батарея бөлімінің қақпағына қаратып мұқият енгізіңіз, одан кейін батарея бөлімінің қақпағын (2) орнына орналастырыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ: Көзілдіріктерге зақым келтірмеу үшін, батареяны енгізу кезінде сақ болыңыз.



3D көзілдіріктерін тазалау

Дақтар мен талшықтарды жою үшін 3D көзілдіріктерін жұмсақ, сулы, түксіз матамен қажетінше тазалаңыз. Матаны 10 пайыздан аспайтын спиртті бар жеңіл тазалағыш заттарға сулауға болады.

⚠ ЕСКЕРТУ: 3D көзілдіріктеріне қатты зақым келтірмеу үшін


Қағаздан жасалған орамалдар линзаларға сызат келтіргендіктен оларды пайдаланбаңыз.

Тазалағыш сұйықтықтар мен химиялық заттарды линзаларға тікелей шашыратпаңыз.

Құрамында аммиак бар тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз.

Көзілдіріктерді қолдану

3D көзілдіріктері берік, бірақ олар қол күшіне сезімтал, оларды қолдану кезінде мұқият болу қажет. Саусақтар іздерін линзаларға қалдырмау үшін 3D көзілдіріктерін олардың жақтауынан ұстаңыз. 3D көзілдіріктерін пайдаланбаған кезде оларды қорғаныс сөмкеде сақтаңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** Линзаларға сызат келтірмеу үшін 3D көзілдіріктерін ешқашан майыстырмаңыз немесе бүкпеңіз.

Ақаулықтарды жою және жиі сұралатын сұрақтар

Мен 3D мазмұнын көре алмаймын

Егер сіз 3D режимінде көргенде D мазмұнын көре алмасаңыз, HP компаниясы сізге 3D көзілдіріктерін пайдаланбауға кеңес береді. Төменде сипатталған және [3D қауіпсіздік ақпараты 11-бетте](#) бөлімінде берілген ақпаратты оқыңыз. Егер стереоскопиялық 3D режимінде көру кезінде физикалық проблеманы байқасаңыз, дәрігерге барып көріңіз.

- 3D мазмұнын 2D режимінде көруге тырысып отыруыңыз мүмкін.
- Көзілдіріктер линзаларының (тек таңдаулы үлгілерде) екі жағындағы қорғаныс мөлдір үлдір алып тасталуға қажет болуы мүмкін.
- 3D көзілдіріктерінің батареясын ауыстыруға қажетіңіз болуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін, [Батареяны ауыстыру 22-бетте](#) бөлімін қараңыз.
- Компьютер дисплейіндегі инфрақызыл сәуле шығарғыштарға кедергілер бар болуы мүмкін. Жақсы таратылым үшін инфрақызыл сәуле шығарғыштардың айналасындағы аймақтарды тез арада кедергілерден тазалаңыз. Инфрақызыл сәуле шығарғыштарды орналастыру туралы ақпарат алу үшін [Компьютермен танысу 28-бетте](#) бөлімін қараңыз.
- Сіз компьютер дисплейінен тым алыс қашықтықта отыруыңыз мүмкін. 3D мазмұнын көру кезінде сіз бен компьютер дисплейінің арасында шамамен **1,5 метрден** (5 фут) аспайтын арақашықтық болғаны жөн.



ЕСКЕРІМ: Көру бұрышына байланысты, дисплейден болған жұмыс арақашықтығы әртүрлі болуы мүмкін.

Компьютерімде қандай 3D пішімдеріне қолдау көрсетіледі

Мына 3D пішімдеріне компьютерде қолдау көрсетіледі:

- Blu-ray 3D фильмдері
- Стереоскопиялық 3D ойындары
- 3D пішімінде ойнатуға арналған 3D MPEG 4 MVC файлдары
- 3D пішімінде ойнатуға арналған 3D H.264 MVC және Fujifilm AVI қос ағынды бейне файлдар пішімдері
- 3D пішімінде фотосуреттерді көруге арналған 3D Fujifilm MPO файлдары

Маған стереоскопиялық 3D ойындарын компьютерімде ойнауға бола ма

Иә, стерео 3D ойындарын компьютеріңізде TriDef® 3D Experience Ignition ойындар ойнатқышын пайдалану арқылы ойната аласыз.

- ▲ Ойындар ойнатқышын пайдалану үшін, **Пуск (Бастау) > TriDef 3D > TriDef 3D Ignition** тармақтарын таңдаңыз.

Кинотеатрда 3D пішімінде фильм көру үшін 3D көзілдіріктерін киюге бола ма

3D көзілдіріктері HP ENVY¹⁷ 3D компьютерінде және кірістірілген инфрақызыл сәуле шығарғыштарда жұмыс жасау үшін оңтайландырылған. 3D көзілдіріктерінің кез келген басқа 3D ортасында оптималды жұмыс істеуіне кепілдік жоқ.

3D көзілдіріктерін рецепт бойынша берілген көзілдіріктердің үстіне киюге бола ма

Иә. 3D көзілдіріктері рецепт бойынша берілетін көзілдіріктердің үстіне кию үшін жасалады. Егер сіз компьютер экранына қарау кезінде көзілдіріктерді әдетте пайдалансаңыз, көзілдіріктерді киіп, олардың үстіне 3D көзілдіріктерін киіңіз. Ауыстыратын қосымша саптамаларды көзілдіріктерді дұрыс орналастыру үшін пайдалануға болады. Қосымша ақпаратты [Белсенді модуляторы бар HP 3D көзілдіріктерін пайдалану 15-бетте](#) бөлімінен қараңыз.

3D көзілдіріктерін қалай тазалауға болады

3D көзілдіріктерін тазалау үшін жұмсақ, сулы, түксіз матаны пайдаланыңыз. Қосымша ақпаратты [3D көзілдіріктеріне күтім көрсету 21-бетте](#) бөлімінен қараңыз.

3D мазмұнын көру кезінде компьютерге қаншалықты жақын отыруға болады

Инфрақызыл сәуле шығарғыштардың жұмыс істеу аймағы шамамен **1,5 метрді** (5 фут) құрайды. Көру бұрышына байланысты, дисплейден болған жұмыс арақашықтығы әртүрлі болуы мүмкін.

Мен 3D мазмұнын көру кезінде суреттің жыпылықтауын байқаймын

3D көзілдіріктеріндегі суреттің жыпылықтауына мына себеп болуы мүмкін:

- 3D Фильм технологиясы және бөлмені жарықтандыру жұмыс жасайтын жиіліктердің әртүрлі болуы суреттің жыпылықтауына әкелуі немесе көзілдіріктер жұмысына кедергі жасауы мүмкін. Оны болдырмау үшін, бөлмедегі шамдардың жарықтығын азайту немесе өшіру қажет.
- Көзілдіріктердегі батарея заряды төмен. Батареяны ауыстыруыңыз тиіс.

Күн сәулелерімен өте жарықтандырылған бөлмеде терезенің қасына отырғанда 3D көзілдіріктерін пайдалануға бола ма

Стереоскопиялық 3D әсері қараңғы бөлмеде тиімді жұмыс істейді.

3D көзілдіріктері үшін қандай батарея түрі керек

3D көзілдіріктерінде жалпы CR2032 типті батарея қолданылады. Бұл батареяларды ауыстыру оңай және оларды батареялар сатылатын орындардан сатып алуға болады. Қосымша ақпаратты [Батареяны ауыстыру 22-бетте](#) бөлімінен қараңыз.

3D мазмұнын сыртқы 3D теледидарымнан көру үшін, компьютерімді пайдалана аламын ба

Иә, компьютер мен 3D теледидарын жылдамдығы жоғары HDMI 1.4 кабелі арқылы жалғап, 3D мазмұнын сыртқы 3D теледидарыңыздан (бөлек сатып алынады) көре аласыз.



ЕСКЕРІМ: Тек қана шахмат тақтасы, қатарлар алмасатын және HDMI 1.4 уақыт тізбектілігі сияқты 3D теледидар түрлеріне қолдау көрсетіледі.



ЕСКЕРІМ: 3D мазмұнын сыртқы 3D теледидарыңыздан көру үшін, компьютермен емес, теледидарыңызбен жеткізілген 3D көзілдіріктерін пайдалануыңыз тиіс.


3 Компьютермен танысу

Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:

- [Жоғарғы жағы](#)
- [Алдыңғы жағы](#)
- [Оң жағындағы](#)
- [Сол жағындағы](#)
- [Дисплей](#)
- [Түбіндегі](#)


Жоғарғы жағы

TouchPad



Бөлік	Сипаттама
(1)  Сенсорлы тақта шамы	Сенсорлы тақтаны қосады және сөндіреді. Сенсорлы тақтаны қосу және өшіру үшін сенсорлы тақтаның шамын екі рет түртіңіз.
(2) TouchPad панелінің сол жақ түймешігі	Функциялар сыртқы тінтуірдің сол жақ түймешігінің функцияларына ұқсайды.
(3) TouchPad панелінің оң жақ түймешігі	Функциялар сыртқы тінтуірдің оң жақ түймешігінің функцияларына ұқсайды.
(4) TouchPad аймағы	Меңзерді жылжытады және экрандағы элементтерді таңдайды немесе белсендіреді.

Шамдар



Бөлік	Сипаттама
(1)  Сенсорлы тақта шамы	<ul style="list-style-type: none"> • Сары: TouchPad панелі өшірулі. • Өшірулі: TouchPad панелі қосулы.
(2) Caps lock шамы	<ul style="list-style-type: none"> • Ақ: Caps lock қосулы. • Өшірулі: Caps lock өшірулі.

Бөлік	Сипаттама
(3)  Қуат шамы	<ul style="list-style-type: none"> • Ақ: Компьютер қосулы. • Ақ түсте жыпылықтау: Компьютер ұйқы күйінде. • Өшірулі: Компьютер өшірулі немесе күту күйінде.
(4)  Дыбыс өшіру шамы	<ul style="list-style-type: none"> • Сары: Компьютер дыбысы өшірулі. • Өшірулі: Компьютер дыбысы қосулы.
(5)  Сымсыз байланыс шамы	<ul style="list-style-type: none"> • Ақ: Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы сияқты кірістірілген сымсыз құрылғы қосулы. <p>ЕСКЕРІМ: Сымсыз құрылғылар зауытта іске қосылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сары: Сымсыз құрылғылар өшірулі.



Бөлік

Сипаттама




Қуат түймешігі


- Компьютер өшірулі болғанда, компьютерді қосу үшін түймешікті басыңыз.
- Компьютер қосылы болғанда, ұйқы күйін қосу үшін түймешікті тез басып қалыңыз.
- Компьютер ұйқы күйінде болғанда, ұйқы күйінен шығу үшін түймешікті тез басып қалыңыз.
- Компьютер күту күйінде болған кезде, күту күйінен шығу үшін түймешікті тез басып қалыңыз.

Компьютер жауап беруді тоқтатса және Windows жүйесінің өшіру процедуралары көмектеспесе, компьютерді өшіру үшін қуат түймешігін кем дегенде 5 секунд басып тұрыңыз.

Қуат параметрлері туралы толық ақпарат алу үшін, **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Параметры электропитания** (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз немесе *Справочное руководство ноутбука HP* (HP ноутбугі үшін анықтамалық нұсқаулықты) қараңыз.



Пернелер



Бөлік	Сипаттама
(1)  esc пернесі	fn пернесімен бірге басылған кезде жүйе ақпараты көрсетіледі.
(2)  fn пернесі	b немесе esc пернесімен бірге басылған кезде жиі қолданылатын жүйелік функцияларды орындайды.
(3)  Windows логотипті перне	Windows жүйесінің Пуск (Бастау) мәзірін көрсетеді.
(4)  Өрекет пернелері	Жиі қолданылатын жүйелік функцияларды орындайды.
(5)  Windows қолданбалар пернесі	Меңзердің астындағы элементтер үшін төте мәзірін көрсетеді.
(6)  Кірістірілген сандық пернетақта	Оны сыртқы сандық пернетақта сияқты пайдалануға болады.
(7)  Оптикалық диск жетегін шығару пернесі	Оптикалық дискінің оптикалық диск жетегінен шығарыңыз.




Алдыңғы жағы



Бөлік	Сипаттама
(1)  Қуат шамы	<ul style="list-style-type: none">• Ақ: Компьютер қосулы.• Ақ түсте жыпылықтау: Компьютер ұйқы күйінде.• Өшірулі: Компьютер өшірулі немесе күту күйінде.
(2)  Қатты диск шамы	<ul style="list-style-type: none">• Ақ түсте жыпылықтау: Қатты диск ашылуда.• Сары: HP ProtectSmart қатты диск қорғанысы қатты дискіні уақытша бастапқы қалпына келтіреді. <p>ЕСКЕРІМ: HP ProtectSmart қатты диск қорғанысы туралы ақпаратты алу үшін <i>Справочное руководство ноутбука HP</i> (HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулықты) қараңыз.</p>
(3) Үндеткіштер (2)	Дыбыс шығарады.

Оң жағындағы





Бөлік	Сипаттама
(1)  USB порттары (2)	Қосымша USB құрылғыларын қосады.
(2) Сандық медиа ұясы	Келесі сандық карталар пішімдерін қолдайды: <ul style="list-style-type: none">• Жад картасы• Memory Stick Pro жад картасы• MultiMediaCard• Secure Digital (SD) жад картасы• Сыйымдылығы жоғары қауіпсіз сандық жад картасы• xD-Сурет картасы
(3) Оптикалық диск жетегі	Оптикалық дискіні оқиды және жазады. ЕСКЕРТУ: Оптикалық диск жетегіне 8 см-лік оптикалық дискілерді салмаңыз. Бұл компьютердің зақымдануына әкелуі мүмкін.
(4) Батарея шамы	<ul style="list-style-type: none">• Ақ: Компьютер сыртқы қуат көзіне қосылған және батарея толық зарядталған.• Сары: Батарея зарядталуда.• Сары түсте жыпылықтау: Батарея төмен заряд деңгейіне, өте төмен заряд деңгейіне жетті немесе батарея жұмысында ақуалық анықталды.• Өшірулі: Компьютер батареяда жұмыс істеуде.
(5)  Қуат қосқышы	Айнымалы ток адаптеріне қосылады.
(6)  Қауіпсіздік кабелінің ұясы	Оптикалық қауіпсіздік кабелін компьютерге тіркейді. ЕСКЕРІМ: Қауіпсіздік кабелі қауіпсіздік ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютерге күтімсіз қарау немесе оны ұрланудан қорғамайды.


Сол жағындағы



Бөлік	Сипаттама
(1)	Ауа өткізгіш саңылаулар Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қосады. ЕСКЕРІМ: Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс істеу барысында ішкі желдеткіш қосылады да, өшіріледі. Бұл қалыпты құбылыс.
(2) 	Сыртқы монитор порты Сыртқы VGA мониторы немесе проекторды қосады.
(3) 	RJ-45 (желі) ұясы Желілік кабелді қосады.
(4) 	Mini DisplayPort Жоғары сапалы монитор немесе проектор секілді қосымша сандық дисплей құрылғыларын қосады.
(5) 	HDMI порты Ажыратымдылығы жоғары теледидар немесе кез келген сыйысымды сандық не аудио компоненті, сондай-ақ жылдамдығы жоғары HDMI 1.4 құрылғысы сияқты қосымша бейне немесе дыбыс құрылғыларын қосады.
(6) 	eSATA/USB порты eSATA сыртқы қатты дискісі сияқты өнімділігі жоғары eSATA компонентін немесе қосымша USB 2.0 құрылғысын жалғауға арналған.
(7) 	SuperSpeed USB порты Қосымша USB 3.0 құрылғысын жалғауға арналған және USB арқылы қосылатын жақсартылған қуат өнімділігімен қамтамасыз етеді. ЕСКЕРІМ: Сонымен қатар, SuperSpeed USB порты USB 1.0 және 2.0 құрылғыларымен сыйысымды.

Бөлік	Сипаттама
<p>(8)  Аудио шығыс (құлаққап) ұясы/Аудио кіріс (микрофон) ұясы</p>	<p>Қосымша тоққа қосылатын стерео үндеткіштерге, құлаққаптарға, тығын тәріздес құлақаспаптарға, гарнитураға не теледидар дыбысы ұясына қосылған кезде дыбыс шығарады. Сонымен қатар, қосымша гарнитура микрофонын қосады.</p> <p>АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Жеке басқа зақым келтіру қаупін азайту үшін, құлаққаптарды, тығын тәріздес құлаққаптарды, гарнитураны киместен бұрын дыбысты лайықтаңыз. Қосымша қауіпсіздік ақпаратын <i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертулер</i> бөлімінен қараңыз.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Құрылғы ұяға қосылған кезде, компьютер үндеткіштері ажыратылады.</p>
<p>(9)  Аудио шығыс (құлаққап) ұясы</p>	<p>Қосымша тоққа қосылатын стерео үндеткіштерге, құлаққаптарға, тығын тәріздес құлақаспаптарға, гарнитураға не теледидар дыбысы ұясына қосылған кезде дыбыс шығарады.</p> <p>АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Жеке басқа зақым келтіру қаупін азайту үшін, құлаққаптарды, тығын тәріздес құлаққаптарды, гарнитураны киместен бұрын дыбысты лайықтаңыз. Қосымша қауіпсіздік ақпаратын <i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертулер</i> бөлімінен қараңыз.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Құрылғы ұяға қосылған кезде, компьютер үндеткіштері ажыратылады.</p>


Дисплей









Бөлік	Сипаттама
(1) WLAN антенналары (2)*	Сымсыз жергілікті желілермен (WLAN) байланыста болу үшін сымсыз байланыс сигналдарын жібереді және қабылдайды.
(2) Инфрақызыл сәуле шығарғыштар (2)*	3D көзілдіріктері мен компьютер дисплейін сымсыз қадамдастырады.
(3) Ішкі микрофондар (2)	Дыбысты жазады.
(4) Веб-камера шамы	Қосулы: Веб-камера қолданыста.
(5) Веб-камера	Бейнені жазады және суреттерді түсіреді. Веб-камераны ашу үшін, Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > CyberLink YouCam тармақтарын таңдаңыз.

Бөлік	Сипаттама
(6) Ішкі дисплей қосқышы	<p>Дисплейді өшіреді және егер дисплей қуат қосулы кезде жабылған болса, ұйқы күйін қосады.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Ішкі дисплей қосқышы компьютердің сыртынан көрінбейді.</p>
<p>*Бұл антенналар және инфрақызыл сәуле шығарғыштар компьютердің сыртынан көрінбейді. Жақсы таратылым үшін антенналар және инфрақызыл сәуле шығарғыштардың айналасындағы аймақтарды тез арада кедергілерден тазалаңыз. Сымсыз байланыс ережелері туралы ескертпелерді көру үшін, мемлекетіңізде немесе аймағыңызда қолданылатын <i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер</i> бөлімін қараңыз. Бұл ескертулер анықтама және қолдау орталықтарында орналасқан.</p>	

Түбіндегі



Бөлік	Сипаттама
(1)  Сабвуфер	Жоғары сапалы бас дыбысын шығарады.
(2)  Батарея ұясы	Батареяны ұстайды. ЕСКЕРІМ: Батарея зауытта батарея ұясына орнатылады.
(3)  Ауа өткізгіш саңылаулар (7)	Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қамтамасыз етеді. ЕСКЕРІМ: Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс істеу барысында ішкі желдеткіш қосылады да, өшіріледі. Бұл қалыпты құбылыс.
(4)  Қатты диск ұясы	Қатты дискіні ұстайды.

Бөлік	Сипаттама
(5)  Жад модулі бөлімі	Жад модульдерін ұстайды.
(6)  Батареяны шығару ысырмасы	Батареяны батарея ұясынан шығарады.

4 Желі орнату

- [Интернет провайдерін \(ISP\) пайдалану](#)
- [Сымсыз желіге қосылу](#)



ЕСКЕРІМ: Интернетке қосылуға арналған жабдық пен бағдарламалық құрал компьютер үлгісіне және құрылғы орналасқан жерге байланысты әртүрлі болады.

Компьютер Интернетке қосылудың келесі түрлерінің біреуін немесе екеуін де қолдауы мүмкін:

- Сымсыз – Интернетке мобильді жолмен қосылу үшін, сымсыз байланысты қолдануға болады. [Бар WLAN желісіне қосылу 43-бетте](#) немесе [Жаңа WLAN желісін орнату 44-бетте](#) бөлімін қараңыз.
- Сымды – Интернетке сымды желі арқылы қосылуға болады. Сымды желіге қосылу туралы ақпаратты *HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығынан* қараңыз.

Интернет провайдерін (ISP) пайдалану

Интернетке қосылмас бұрын Интернет провайдерінің есептік жазбасын орнату қажет. Интернет қызметі мен модем сатып алу үшін, жергілікті Интернет провайдерімен хабарласыңыз. Интернет провайдері модем параметрлерін реттеуге, сымсыз компьютерді модемге қосу үшін желі кабелін орнатуға және Интернет қызметін тексеруге көмектеседі.



ЕСКЕРІМ: Интернет қызметтері провайдері Интернетке кіру үшін пайдаланушы идентификаторы мен құпия сөз береді. Берілген мәліметтерді жазып алыңыз да, қауіпсіз жерде сақтаңыз.

Жаңа Интернет жазбасын орнату немесе компьютердің параметрлерін бар жазбаны пайдаланатын реттеу үшін көмектесетін мынадай мүмкіндіктер бар:

- **Интернет қызметтері мен ұсыныстары (кейбір жерлерде бар)**—бұл утилитаны жаңа Интернет жазбасын жасауға және бар жазбаны пайдалану үшін компьютер параметрлерін реттеуге көмектеседі. Бұл утилитаны пайдалану үшін, **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Online Services (Желідегі қызметтер) > Интернет** тармағын таңдаңыз.
- **Интернет провайдері беретін белгішелер (кейбір жерлерде бар)**—бұл белгішелер Windows жұмыс үстелінде көрсетілуі немесе Online Services (Желідегі қызметтер) атты жұмыс үстелі қалтасында топталуы мүмкін. Компьютерде жаңа Интернет жазбасын орнату немесе компьютерді бар жазбаны пайдаланатын етіп реттеу үшін белгішені екі рет басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- **Windows жүйесінің Интернетке қосылу шебері**—Windows жүйесінің Интернетке қосылу шеберін Интернетке төмендегі жағдайлардың кез келгенінде қосылу үшін пайдалануға болады:
 - Интернет провайдерінде тіркелген есептік жазбаңыз бар болған жағдайда.
 - Интернет есептік жазбасы болмаған және Интернет провайдері шебердегі тізімнен таңдағыңыз келген жағдайда. (Интернет провайдерлерінің тізімі барлық аймақтарда бола бермейді).
 - Тізімде жоқ Интернет провайдері таңдалған жағдайда және таңдалған Интернет провайдері IP мекенжайы, сондай-ақ

POP3 және SMTP параметрлері сияқты қажетті ақпарат берген жағдайда.

Windows Интернетке қосылу шебері мен шеберді пайдалануға арналған нұсқауларды ашу үшін, **Пуск (Бастау) > Панель Управления (Басқару тақтасы) > Сеть и Интернет (Желі және Интернет) > Центр управления сетями и общим доступом (Желілер мен ортақ пайдалануды басқару орталығы)** тармақтарын таңдаңыз.



ЕСКЕРІМ: Шебер Windows желіаралық қалқанын қосу немесе ажыратуды таңдауыңызды сұраса, желіаралық қалқанды қосу пәрменін таңдаңыз.

Сымсыз желіге қосылу

Сымсыз технология деректерді сым арқылы емес, радио толқындары арқылы тасымалдайды. Компьютер келесі сымсыз құрылғылардың біреуі немесе бірнешеуімен жабдықталған болуы мүмкін:

- Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы
- HP Мобильді кең ауқымды модулі, сымсыз аймақтық желі (WWAN) құрылғысы
- Bluetooth® құрылғысы

Сымсыз байланыс технологиясы туралы және сымсыз желіге қосылу туралы қосымша ақпарат алу үшін *Справочное руководство ноутбука HP* (HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулықтан), анықтама және қолдау орталығындағы веб-тораптар сілтемелерінен және берілген мәліметтерден қараңыз.

Бар WLAN желісіне қосылу

1. Компьютерді қосыңыз.
2. WLAN құрылғысының қосулы екендігіне көз жеткізіңіз.
3. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында желі белгішесін басыңыз.
4. Қажет желіні таңдаңыз.
5. **Подключиться** (Қосылу) түймешігін басыңыз.
6. Егер қажет болса, қауіпсіздік кілтін енгізіңіз.

Жаңа WLAN желісін орнату

Қажетті жабдықтар:

- Кең жолақты модем (DSL немесе кабельді) **(1)** және Интернет провайдерінен (ISP) сатып алынған жоғары жылдамдықты Интернет қызметі
- Сымсыз жол жоспарлағыш (бөлек сатылады) **(2)**
- Жаңа сымсыз компьютер **(3)**



ЕСКЕРІМ: Кейбір модемдердің ішіне жол жоспарлағышы орнатылады. Интернет провайдерінен модем түрінің қайсысын пайдаланатындығын сұраңыз.

Суретте Интернетке қосылған дайын WLAN сымсыз желісінің орнатымы мысалға келтірілген. Желі кеңейген сайын, Интернетке кіру үшін желіге қосымша сымсыз және сымды компьютерлерді қосуға болады.



Сымсыз жол жоспарлағыш параметрлерін реттеу

Сымсыз жергілікті желіні (WLAN) орнату туралы көмек алу үшін, жол жоспарлағыш өндірушісі немесе Интернет провайдері (ISP) берген ақпаратты қараңыз.

Windows амалдық жүйесінде жаңа сымсыз желіні орнатуға көмектесетін құралдар бар. Желі параметрлерін орнату мақсатында Windows құралдарын пайдалану үшін, **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Сеть и Интернет (Желі және Интернет) > Центр управления сетями и общим доступом (Желілер мен ортақ пайдалану орталығы) > Создание и настройка нового подключения или сети (Жаңа байланыс немесе желі орнату) > Создание и настройка новой сети (Жаңа желі орнату)** тармағын таңдаңыз. Одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



ЕСКЕРІМ: Жаңа сымсыз компьютеріңізді жол жоспарлағышына онымен қамтамасыз етілген желілік кабель арқылы бастапқыда қосу ұсынылады. Компьютер Интернетке сәтті қосылғаннан кейін кабельді ажыратып, Интернетке сымсыз желі арқылы кіруге болады.

WLAN жүйесін қорғау

WLAN құрылғысын орнатқан немесе бар WLAN желісіне кірген кезде, әрқашан рұқсатсыз кіруден желіні қорғау үшін қауіпсіздік мүмкіндіктерін қосыңыз.

WLAN желісін қорғау туралы қосымша ақпаратты *HP ноутбүгінің анықтамалық нұсқаулығынан* қараңыз.

5 Пернетақта мен меңзегіш құрылғылар

Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:

- [Пернетақтаны пайдалану](#)
- [Меңзегіш құрылғыларды пайдалану](#)

Пернетақтаны пайдалану

Әрекет пернелерін пайдалану

Әрекет пернелері пернетақтаның үстіңгі жағындағы пернелерге тағайындалған арнайы әрекеттерді орындау үшін қолданылады.

f1 мен **f10** пернелеріндегі белгішелер әрекет перне функцияларын білдіреді. Әрекет пернесін пайдалану үшін, тағайындалған функцияны белсендіруге пернені басып ұстап тұрыңыз.













ЕСКЕРІМ: Әрекет пернесі функциясы зауытта қосылады. Бұл мүмкіндікті компьютерді реттеудің қызметтік бағдарламасында (BIOS) өшіріп, тағайындалған функцияны белсендіру үшін **fn** пернесін және әрекет пернелерінің біреуін басу стандартты параметрлеріне қайтуға болады. Нұсқауларды *HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығындағы* «Компьютерді реттеудің қызметтік бағдарламасы (BIOS) және жүйе диагностикасы» тарауынан қараңыз.



ЕСКЕРТУ: Компьютерді реттеудің қызметтік бағдарламасына өзгертулер енгізгенде, аса мұқият болыңыз. Қателер компьютердің жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.



Белгіше	Перне	Сипаттама
	f1	Windows амалдық жүйесі мен компьютер, сұрақтарға жауаптар, оқулықтар мен компьютер үшін жаңартулар туралы ақпаратты қамтитын анықтама және қолдау орталығын ашады. Сонымен қатар, анықтама және қолдау орталығы ақаулықтарды автоматты жою қызметін және қолдау көрсетуші мамандармен хабарласу сілтемелерін ұсынады.
	f2	Бұл пернені басып ұстап тұрғанда экран жарықтығын төмендетеді.
	f3	Бұл пернені басып ұстап тұрғанда экран жарықтығын жоғарылатады.
	f4	Жүйеге қосылған дисплейлердің арасында экран кескінін ауыстырып көрсетеді. Мысалы, егер монитор компьютерге қосылған болса, осы перне басылғаннан кейін экран кескіні компьютер дисплейінен монитор дисплейіне ауыстырылып, компьютер мен монитордың екеуінде көрсетіледі. Сыртқы мониторлардың басым бөлігі компьютерден бейне ақпаратын сыртқы VGA бейне стандарты арқылы қабылдайды. Сонымен қатар, переключение рисунка на экране (экран кескінін ауыстырып көрсету) пернесі компьютерден бейне ақпаратын қабылдайтын басқа да құрылғылар арасында кескіндерді ауыстырып көрсетеді. Компьютер бірнеше дисплейдің жалғануын қолдайды. Переключение рисунка на экране (Экран кескінін ауыстырып көрсету) пернесін басқаннан кейін бейне шығыстарының төрт түрінің біреуін таңдауға болады. <ul style="list-style-type: none"> • Компьютер ғана режимі • Қос режимі • Кеңейтілген режим • Проектор ғана режимі
	f5	Пернетақтың артқы жарықтандыруын қосады және сөндіреді. ЕСКЕРІМ: Пернетақта жарықтандырғышы зауытта іске қосылады. Батарея қуатын ұзақ пайдалану үшін пернетақта жарықтандырғышын өшіріңіз.
	f6	Веб-шолғышты ашады. ЕСКЕРІМ: Интернет немесе желілік қызметтер теңшелгенге дейін бұл перне Интернетке қосылу шеберін ашады.
	f7	Бұл пернені басып тұрса, үндеткіштегі дыбыс деңгейі біртіндеп азаяды.
	f8	Бұл пернені басып тұрса, үндеткіштегі дыбыс деңгейі біртіндеп артады.


Белгіше	Перне	Сипаттама
	f9	Үндеткіш дыбысын өшіреді немесе қайта қосады.
	f10	Сымсыз байланыс мүмкіндігін қосады немесе ажыратады. ЕСКЕРІМ: Бұл перне сымсыз қосылысты орнатпайды. Сымсыз қосылысты орнату үшін сымсыз желі де орнатылуы қажет.

Пернелер тіркесімдерін пайдалану

Жылдам перне **fn** пернесінің (1) және **esc** пернесі (2) немесе **b** пернесінің (3) тіркесімі.

Жылдам перне пайдалану үшін

- ▲ **fn** пернесін аз уақыт басып, жылдам пернелер тіркесімінің екінші пернесін аз уақыт басыңыз.



Функция	Пернелер тіркесімі	Сипаттама
Жүйе ақпаратын көрсетеді.	fn+esc	Жүйенің аппараттық бөліктері және жүйенің BIOS нұсқасының нөмірі туралы ақпаратты көрсетеді.
Төменгі дыбыс жиілігі параметрлерін басқарады.	fn+b	Beats Audio төменгі дыбыс жиілігі параметрлерін реттеу. Beats Audio — таза дыбысты сақтай отырып, терең, басқарылатын бас беретін жетілдірілген дыбыс профилі. Beats Audio әдепкіде қосұлы болады. Төменгі жиілік параметрлерін Windows амалдық жүйесі арқылы да көруге немесе басқаруға болады. Басс параметрлерін көру және басқару үшін, Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Оборудование и звук (Жабдық және дыбыс) > Панель управления Beats Audio (Beats Audio басқару тақтасы) пәрмендерін таңдаңыз.

Пернетақтаны пайдалану

Кірістірілген сандық пернетақта пайдалану



Бөлік

Кірістірілген сандық пернетақта

Сипаттама

Оны сыртқы сандық пернетақта сияқты пайдалануға болады.

ЕСКЕРІМ: Компьютерде *num lock* пернесі жоқ.

Меңзегіш құрылғыларды пайдалану



ЕСКЕРІМ: Компьютермен бірге жеткізілетін меңзегіш құрылғылармен қоса, сыртқы USB тінтуірін оны компьютердегі USB порттарының біреуіне жалғау арқылы пайдалануға болады.

Меңзегіш құрылғылардың басым параметрлерін орнату

Түймешік теңшелімі, басу жылдамдығы және меңзер параметрлері сияқты меңзегіш құрылғыларына арналған параметрлерді теңшеу үшін, Windows жүйесіндегі тінтуір параметрлерін қолданыңыз.

Тінтуір сипаттарына кіру үшін, **Пуск (Бастау) > Устройства и принтеры** (Құрылғылар мен принтерлер) тармағын таңдаңыз. Одан кейін, компьютеріңіз болып келетін құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Настройки мыши** (Тінтуір параметрлері) пәрменін таңдаңыз.

TouchPad құрылғысын пайдалану


Көрсеткіні жылжыту үшін бір бармақты TouchPad бетінде көрсеткіні жылжытқыңыз келген бағытқа жылжытыңыз. TouchPad панелінің сол және оң жақ түймешіктері сыртқы тінтуірдің сәйкес түймешіктері сияқты пайдаланылады.

Сенсорлы тақтаны өшіру және қосу

Сенсорлы тақтаны өшіру және қосу үшін, сенсорлы тақта шамын екі рет жылдам түртіңіз.




ЕСКЕРІМ: Сенсорлы тақта қосулы болғанда, сенсорлы тақта шамы сөніп тұрады.




Шарлау

Меңзерді басқа жерге жылжыту үшін, саусағыңызды сенсорлы тақта беті арқылы қалаған бағытқа жылжытыңыз.



Таңдау

Сенсорлы тақтаның сол және оң жақ түймешіктері сыртқы тінтуірдің сәйкес түймешіктері сияқты пайдаланылады.




Сенсорлы тақта іс-қимылдарын пайдалану

Сенсорлы тақта бірқатар қимылдарды қолдайды. Сенсорлы тақта қимылдарын пайдалану үшін сенсорлы тақтаға екі саусақты бір уақытта орналастырыңыз.




ЕСКЕРІМ: Сенсорлы тақта қимылдарына компьютердегі бағдарламалардың барлығында қолдау көрсетіле бермейді.

Қимылдың көрсетілімін көру үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:


1. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан **Отображать скрытые значки** (Жасырын белгішелерді көрсету) белгішесін басыңыз.
2. **Указательное устройство Synaptics** (Synaptics меңзегіш құрылғысы) белгішесін  тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Свойства сенсорной панели** (Сенсорлы тақта сипаттары) параметрін таңдаңыз.
3. Көрсетілімді бастау үшін, қимылды басыңыз.

Іс-қимылдарды қосу және ажырату үшін:


1. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан **Отображать скрытые значки** (Жасырын белгішелерді көрсету) белгішесін басыңыз.
2. **Указательное устройство Synaptics** (Synaptics меңзегіш құрылғысы) белгішесін  тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Свойства сенсорной панели** (Сенсорлы тақта сипаттары) параметрін таңдаңыз.
3. Қосылатын немесе өшірілетін қимылдың жанына құсбелгі қойыңыз.
4. **Применить** (Қолдану) түймешігін, одан кейін **ОК** түймешігін басыңыз.

Жылжу

Жылжу іс-қимылы бетте немесе суретте жоғары, төмен қарай немесе көлденең жылжу кезінде қажет әрекет. Жылжыту үшін екі саусақты сенсорлы тақтаның үстіне бөлек қойып, оларды сенсорлы тақта арқылы жоғары, төмен, сол немесе оң жаққа қарай апарыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Жылжу жылдамдығы саусақ жылдамдығы арқылы басқарылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Екі саусақпен жылжыту мүмкіндігі зауытта қосылады.




Шымшу/масштабтау

Шымшу суреттерді немесе мәтінді үлкейтуге не кішірейтуге мүмкіндік береді.

- Үлкейту үшін, екі саусақты сенсорлы тақтаға бірге қойып, олардың арасын ашыңыз.
- Кішірейту үшін, екі саусақты сенсорлы тақтаға арасын алшақ қойып, одан кейін олардың арасын жақындатыңыз.



ЕСКЕРІМ: Шымшу/масштабтау мүмкіндігі зауытта қосылады.




Айналдыру

Айналдыру мүмкіндігі фотосурет және беттер сияқты элементтерді айналдыруға мүмкіндік береді. Айналдыру үшін, сол бас бармақты сенсорлы тақта аймағында тіреңіз. Оң бас бармақты тірелген саусақты айналдырып, сағат тілімен 90 градус жүргізіңіз. Кері айналдыру үшін, оң бас бармақты сағат тіліне қарсы 90 градус жүргізіңіз.



ЕСКЕРІМ: Бұру мүмкіндігі зауытта ажыратылады.




Сызу

Сызу қимылы экрандар арқылы шарлауға немесе құжаттар арқылы жылдам айналдыруға мүмкіндік береді. Сызу үшін, үш саусақты пайдаланып, сенсорлы тақта аймағында жоғары, төмен, сол жаққа немесе оң жаққа тез сызыңыз.



ЕСКЕРІМ: Үш саусақпен сызу мүмкіндігі зауытта өшіріледі.



6 Күтім

Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:

- [Батареяны шығарып алу немесе салу](#)
- [Қатты дискіні ауыстыру немесе жаңарту](#)
- [Жад модулін қосу немесе ауыстыру](#)
- [Компьютерді тазалау](#)
- [Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту](#)

Батареяны шығарып алу немесе салу



ЕСКЕРІМ: Батарея зауытта батарея ұясына орнатылады.



ЕСКЕРІМ: Батарея пайдалану туралы қосымша ақпаратты *Справочное руководство HP ноутбука* (HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулықтан) қараңыз.


Батареяны шығарып алу



ЕСКЕРТУ: Жалғыз қуат көзі болатын батареяны шығарып алу ақпараттың жоғалуын тудыруы мүмкін. Ақпараттың жоғалуын болдырмау үшін, жұмысыңызды сақтап, күту күйін қосыңыз немесе батареяны шығарып алмас бұрын, компьютерді Windows арқылы өшіріңіз.

1. Батареяны шығарып алу үшін, батареяны бекіту сырғытпасын **(1)** сырғытыңыз.


2. Батареяны жоғары қарай бұрып (2), компьютерден шығарып алыңыз (3).




Батарейаны салу

- ▲ Батарейадағы ілгектерді **(1)** батарея ұясының сыртқы бетіндегі кетіктерге туралаңыз да, батареяны **(2)** бұру арқылы оны батарея ұясына салып орналастырыңыз.

Батарейаны босату ысырмасы **(3)** батареяны оның орнына автоматты түрде орналастырады.




Қатты дискіні ауыстыру немесе жаңарту

 **ЕСКЕРТУ:** Мәліметтердің жоғалуын немесе жауапсыз жүйені болдырмау үшін

Қатты дискіні қатты диск ұясынан шығармастан бұрын, компьютерді өшіріңіз. Компьютер қосулы тұрғанда, ұйқы немесе күту күйінде болғанда, қатты дискіні шығарып алмаңыз.


Егер компьютердің өшірулі немесе күту күйінде тұрғандығына сенімді болмасаңыз, қуат түймешігін басып, компьютерді өшіріңіз. Одан кейін компьютерді амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Таңдаулы компьютер модельдері екі дискіні қолдай алады. Компьютерде орнатылған дискілерді көру үшін **Пуск (Бастау) > Компьютер** (Компьютер) пәрмендерін таңдаңыз.


Қатты дискіні шығарып алу

1. Жұмысты сақтап, компьютерді өшіріңіз.
2. Компьютерге жалғанған барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Қуат сымын айнымалы ток розеткасынан ажыратыңыз да, батареяны шығарып алыңыз.
4. Қатты диск қақпағындағы екі бұранданы **(1)** бұрап босатыңыз.


5. Қатты дискінің қақпағын (2) алыңыз.



6. Қатты диск кабелін (1) компьютерден ажыратып, қатты дискіні (2) оның ұясынан жоғары қарай көтеріңіз.




7. Қатты диск кабелін қатты дискіден ажыратыңыз.




Қатты дискіні орнату

1. Қатты диск кабелін қатты дискіге жалғаңыз.




2. Қатты дискіні (1) қатты диск ұясына салып, одан кейін қатты диск кабелін (2) қатты дискіге жалғаңыз.



3. Қатты диск қақпағындағы ілгектерді (1) компьютердегі кетіктерге туралаңыз.
4. Қақпақты жабыңыз (2).

5. Қатты диск қақпағындағы бұрандаларды (3) бұрап қатайтыңыз.





6. Батареяны орнына салыңыз.
7. Сыртқы қуат көзіне қосыңыз және сыртқы құрылғыларды жалғаңыз.
8. Компьютерді қосыңыз.

Жад модулін қосу немесе ауыстыру


Компьютерде екі жад модулі ұясы бар. Жад модулі ұялары компьютер түбінде қатты диск қақпағының астында орналасқан. Компьютердің жад сыйымдылығын жад модулін қосу немесе жад модулі ұяларының біреуінде бар жад модулін ауыстыру арқылы жаңартуға болады.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Ток ұру немесе жабдықтың зақымдалу қатерін азайту үшін, қуат сымын ажыратып, жад модулін орнатпас бұрын, барлық батареяларды шығарып алыңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** Электростатикалық ток соғу (ESD) электроникалық бөліктерді зақымдауы мүмкін. Қандай да бір іс ретін бастамастан бұрын, жерге орнатылған нысанды түрту арқылы бойыңызда тұрақты электр тогының жоқтығын тексеріңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Екінші жад модулін қосқанда, қос арна теңшелімін пайдалану үшін, екі жад модулінің бірдей сыйымдылықта болуын тексеріңіз.

Жад модулін қосу немесе ауыстыру үшін


 **ЕСКЕРТУ:** Мәліметтердің жоғалуын немесе жауапсыз жүйені болдырмау үшін

Жад модулін компьютерден шығармас бұрын компьютерді өшіріңіз. Компьютер қосұлы тұрғанда, ұйқы немесе күту күйінде болғанда, жад модулін шығарып алмаңыз.

Егер компьютердің өшірулі немесе күту күйінде тұрғандығына сенімді болмасаңыз, қуат түймешігін басып, компьютерді өшіріңіз. Одан кейін компьютерді амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.


1. Жұмысты сақтап, компьютерді өшіріңіз.
2. Компьютерге жалғанған барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Қуат сымын айнымалы ток розеткасынан ажыратыңыз да, батареяны шығарып алыңыз.
4. Қатты дискінің қақпағын алыңыз.
 - a. Қатты диск қақпағындағы екі бұранданы **(1)** бұрап босатыңыз.

- ө. Қатты дискінің қақпағын (2) алыңыз.



5. Жад модулі бөлімінің қақпағын алыңыз.
- а. Жад модулі бөлімінің қақпағындағы 2 бұранданы (1) бұрап босатыңыз.

- ә. Жад модулі бөлімінің қақпағын **(2)** алыңыз.




- 6.** Егер жад модулін ауыстырып жатсаңыз, бар жад модулін алып тастаңыз:

- а.** Жад модулінің екі жағындағы ұстап тұратын қыстырғыштарды **(1)** тартып алыңыз.

Жад модулінің бұрыштарын жоғары қаратыңыз.

- ө. Жад модулінің жиектерінен ұстап **(2)**, одан кейін оны ұясынан сыртқа жайлап тартыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ: Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге тимеңіз. Шығарғаннан кейін жад модулін қорғау үшін, оны электростатикалық ток өтпейтін контейнерге салыңыз.




7. Жаңа жад модулін енгізу үшін:

⚠ ЕСКЕРТУ: Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге тимеңіз және жад модулін қисайтпаңыз.


- а. Жад модулінің түйіскен жиектерін **(1)** жад модулі ұясының құлақшасына туралаңыз.
- ө. Жад модулі бөлімінің бетінен 45 градус бұрыштағы жад модулімен модульді **(2)** жад модулінің ұясына орныққанша басыңыз.

- б. Жад модулінің сол және оң жақ жиектеріне қысым бере отырып, жад модулін **(3)** төмен қарай жайлап, ұстап тұратын қыстырғыштар орнына түскенше, басыңыз.




8. Жад модулі бөлімінің қақпағын орнына салыңыз.
- а. Жад модулі бөлімінің қақпағындағы ілгектерді **(1)** компьютердегі кетіктерге туралаңыз.
 - ә. Қақпақты **(2)** жабыңыз.

6. Жад модулі бөлімінің қақпағындағы 2 бұранданы (3) бұрап қатайтыңыз.



9. Қатты диск қақпағын орнына салыңыз.
- а. Қатты диск қақпағындағы ілгектерді (1) компьютердегі кетіктерге туралаңыз.
 - ә. Қақпақты (2) жабыңыз.


- б. Қатты диск қақпағындағы 2 бұранданы (3) бұрап қатайтыңыз.



10. Батарейаны орнына салыңыз.
11. Сыртқы қуат көзіне қосыңыз және сыртқы құрылғыларды жалғаңыз.
12. Компьютерді қосыңыз.

Компьютерді тазалау


Дисплейді тазалау

 **ЕСКЕРТУ:** Компьютерге зиян келтіруді болдырмау үшін дисплейге суды, тазалауға арналған сұйықтықтарды немесе химиялық заттарды қолданбаңыз.

Дақтар мен талшықтарды жою үшін дисплейді жұмсақ, сулы, талшықтарды қалдырмайтын матамен жүйелі түрде тазалаңыз. Дисплейге қосымша тазалау қажет болса, алдын ала суланған антистатикалық майлықтарды немесе дисплейге арналған антистатикалық тазалағышты пайдаланыңыз.

Сенсорлы тақта мен пернетақтаны тазалау

Сенсорлы тақтаның кір және май көрсеткінің экранда жылжуына әкеліп соғуы мүмкін. Бұған жол бермеу үшін сенсорлы тақтаны дымқыл шүберекпен сүртіңіз және компьютерді пайдаланғанда қолыңызды жиі жуып тұрыңыз.

 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ішкі бөлшектерінен ток соғуды болдырмай немесе ішкі бөліктеріне зақым келтірмей тазалау үшін шаңсорғышты қолданбаңыз. Шаңсорғышты қолданғанда пернетақта бетіне тұрмыстық қалдықтар жиналып қалуы мүмкін.

Пернелердің жабысып қалуын болдырмау үшін пернетақтаны және шаң мен пернелердің астында қалатын басқа да заттарды әрқашан тазалап отырыңыз. Пернелердің жаны мен астында орналасқан шаңды тазалау үшін қысылған ауамен пернетақтаны үріңіз.

Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту

HP компаниясы бағдарламалар мен драйверлерді жүйелі түрде соңғы нұсқалармен жаңартуды ұсынады. Ең соңғы нұсқаларды жүктеп алу үшін <http://www.hp.com/support> торабына өтіңіз. Жаңартулардың бар екені туралы ескертулерді автоматты түрде алу үшін тіркелу қажет.

7 Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру

- [Қалпына келтіру](#)
- [Қалпына келтіру дискілерін жасау](#)
- [Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру](#)
- [Мәліметтердің сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру](#)

Компьютердің ақпаратты қорғауда және қажет болғанда қалпына келтіруде көмектесуге арналған амалдық жүйе және HP компаниясы ұсынған құралдары бар.


Бұл тарауда келесі тақырыптар туралы ақпарат беріледі:


- Қалпына келтіру дискілерінің жинағын немесе қалпына келтіру флэш-жадын жасау (HP Recovery Manager бағдарламалық құралының мүмкіндігі)
- Жүйені қалпына келтіру (қалпына келтіру бөлімінен, дискілерінен немесе флэш-жадынан)
- Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау
- Бағдарламаны немесе драйверді қалпына келтіру

Қалпына келтіру

Қатты диск ақаулығы орын алған жағдайда, жүйені бастапқы зауыттық күйіндегі қалпына келтіру үшін, HP Recovery Manager бағдарламалық құралын пайдаланып жасауға болатын қалпына келтіру дискілерінің жинағы немесе қалпына келтіру флэш-жады керек болады. HP компаниясы бағдарламалық құралды орнатқаннан кейін, қалпына келтіру дискілерінің жинағын немесе қалпына келтіру флэш-жадын жасау үшін осы бағдарламалық құралды бірден пайдалануды ұсынады.


Егер басқа себептермен жүйені бастапқы қалпына келтіру керек болса, бұны қалпына келтіру дискілерін немесе қалпына келтіру флэш-жадын пайдаланбастан, HP қалпына келтіру бөлімі (тек таңдаулы үлгілерде) арқылы жасауға болады. Қалпына келтіру дискілерінің бар екенін тексеру үшін, **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Компьютер** тармағын тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз да, **Управление** (Басқару) пәрменін, одан кейін **Управление дисками** (Дисктерді басқару) тармағын таңдаңыз. Егер қалпына келтіру бөлімі бар болса, қалпына келтіру дискісі терезедегі тізімде көрсетіледі.


 **ЕСКЕРТУ:** HP Recovery Manager (бөлім немесе дискілер/флэш-жад) бағдарламалық құралы зауытта алдын ала орнатылған бағдарламалық құралдарды ғана қалпына келтіреді. Компьютермен берілмеген бағдарламалық құралды қолмен қалпына келтіру керек.

 **ЕСКЕРІМ:** Қалпына келтіру дискілері, егер қалпына келтіру бөлімі компьютерде болмаса, жеткізіледі.

Қалпына келтіру дискілерін жасау


HP компаниясы қатты дискінің ақаулығы орын алған жағдайда немесе компьютерді қалпына келтіру бөлімінің құралдарын пайдалану арқылы қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда, компьютерді бастапқы зауыттық күйіне келтіре атаныңызға сенімді болу үшін қалпына келтіру дискілерін немесе қалпына келтіру флэш-жадын жасауға кеңес береді. Бұл дискілерді немесе флэш-жадты компьютерді бірінші рет орнатқаннан кейін жасаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** HP Recovery Manager бағдарламалық құралы қалпына келтіру дискілерінің тек бір жинағын немесе бір қалпына келтіру флэш-жадын жасауға мүмкіндік береді. Бұл дискілерді немесе флэш-жадты қолданғанда сақ болып, оларды қауіпсіз жерде сақтаңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Егер компьютерде кірістірілген оптикалық диск жетегі болмаса, қалпына келтіру дискілерін жасау үшін қосымша сыртқы оптикалық диск жетегін (бөлек сатылады) пайдалана аласыз немесе компьютерге арналған қалпына келтіру дискілерін HP веб-торабынан сатып алуға болады. Егер сыртқы оптикалық диск жетегі пайдаланылса, ол USB концентраторы сияқты сыртқы құрылғыдағы USB портына емес, компьютердегі USB портына жалғануы тиіс.

Нұсқаулар:

- Сапасы жоғары DVD-R, DVD+R, DVD-R DL немесе DVD-R DL дискілерін сатып алыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** CD-RW, DVD±RW, қос қабатты DVD±RW дискілері және BD-RE (жазылатын Blu-ray) дискілері сияқты оқу-жазу дискілері Recovery Manager бағдарламалық құралымен үйлеспейді.

- Бұл үрдіс барысында компьютер айнымалы ток қуат көзіне жалғанған болуы қажет.
- Бір компьютерде қалпына келтіру дискілерінің тек бір жинағын немесе бір қалпына келтіру флэш-жадын жасауға болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Қалпына келтіру дискілерін жасау кезінде, әрбір дискіні оптикалық жинақтағыш дискісіне салмай тұрып нөмірлеңіз.

- Егер қажет болса, қалпына келтіру дискілерінің немесе қалпына келтіру флэш-жадының жасалуы аяқталғанша бағдарламадан шығуға болады. HP Recovery Manager бағдарламалық құралын келесіде ашқанда, сақтық көшірме жасау процесін жалғастыру ұсынылады.

Қалпына келтіру дискілерінің жинағын немесе қалпына келтіру флэш-жадын жасау үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > HP Recovery Manager > HP Recovery Media Creation (HP қалпына келтіру дискісін жасау)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру

HP Recovery Manager бағдарламалық құралы компьютерді оның бастапқы зауыттық күйіне келтіруге мүмкіндік береді. Recovery Manager бағдарламалық құралы қалпына келтіру дискілерінен, қалпына келтіру флэш-жадынан немесе қатты дискідегі арнайы қалпына келтіру бөлімінен (тек таңдаулы үлгілерде) жұмыс істейді.



ЕСКЕРІМ: Жүйені қалпына келтіруді компьютердің қатты дискісінде ақаулық орын алған жағдайда немесе компьютердің қызмет ету мәселелерін шешу әрекеттері нәтиже бермегенде орындау қажет. Жүйені қалпына келтіруді компьютер мәселелерін шешудің ең соңғы әрекеті ретінде пайдаланған жөн.

Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру кезінде келесі мәліметтерді ескеріңіз:

- Бұрын сақтық көшірмесі жасалған жүйені ғана қалпына келтіруге болады. HP компаниясы компьютеріңізді орнатқаннан кейін қалпына келтіру дискілерінің жинағын немесе қалпына келтіру флэш-жадын жасау үшін Recovery Manager бағдарламалық құралын пайдалануды ұсынады.
- Windows жүйесінде Жүйені қалпына келтіру сияқты жөндеу мүмкіндіктері бар. Егер бұл мүмкіндіктерді әлі сынап көрмесеңіз, HP Recovery Manager құралын пайдаланбас бұрын оларды сынап көріңіз.
- HP Recovery Manager бағдарламалық құралы тек зауытта алдын ала орнатылған бағдарламалық құралдарды қалпына келтіреді. Осы компьютермен қамтамасыз етілмеген бағдарламалық құралдарды өндірушінің веб-торабынан жүктеу немесе өндіруші қамтамасыз еткен дискіден қайта орнату қажет.

Арнайы қалпына келтіру бөлімі арқылы қалпына келтіру (тек таңдаулы үлгілерде)

Арнайы қалпына келтіру бөлімін пайдалану кезінде суреттердің, музыканың және басқа да аудио файлдардың, бейнелердің, фильмдердің, жазылған теледидар шоуларының, құжаттардың, электрондық кестелердің, көрмелердің, электрондық пошта хабарларының, Интернеттегі таңдаулы элементтердің және параметрлердің сақтық көшірмесін жасауға болады.

Компьютерді бөлімнен қалпына келтіру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. HP Recovery Manager бағдарламасын төмендегі жолдармен іске қосыңыз:
 - **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > HP Recovery Manager > HP Recovery Manager** тармағын таңдаңыз.
– немесе –
 - Компьютерді қосыңыз немесе өшіріп, қайта іске қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз. «F11 (System Recovery)» (F11 (Жүйені қалпына келтіруі)) хабары экранда көрсетілгенде **f11** пернесін басыңыз.
2. HP Recovery Manager терезесінде **System Recovery** (Жүйені қалпына келтіру) параметрін таңдаңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қалпына келтіру дискілерінен қалпына келтіру

1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз.
2. Бірінші қалпына келтіру дискісін компьютердегі оптикалық диск жетегіне немесе қосымша сыртқы оптикалық диск жетегіне енгізіңіз, одан кейін компьютерде қайта бастаңыз.

– немесе –

Қалпына келтіру флэш-жадын компьютердің USB портына салып, компьютерді қайта іске қосыңыз.



ЕСКЕРІМ: Компьютер HP Recovery Manager бағдарламалық құралын автоматты түрде қайта қоспаса, компьютердің жүктелу тәртібін өзгерту қажет.

3. Жүйені бастау кезінде **f9** пернесін басыңыз.
4. Оптокалық дискіні немесе флэш-дискіні таңдаңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Компьютердің жүктелу тәртібін өзгерту

Қалпына келтіру дискілерінің жүктелу тәртібін өзгерту үшін төмендегі әрекеттерді орындаңыз:

1. Компьютерді қайта іске қосыңыз.
2. Компьютер қайта іске қосылып жатқанда **esc** пернесін басып, жүктелу параметрлерін ашу үшін **f9** пернесін басыңыз.
3. Жүктелу параметрлері терезесінен **Internal CD/DVD ROM Drive** (Ішкі CD/DVD диск жетегі) тармағын таңдаңыз.

Қалпына келтіру флэш-дискісін бастау ретін өзгерту үшін, мына әрекеттер орындаңыз:

1. Флэш-жадты USB портына жалғаңыз.
2. Компьютерді қайта іске қосыңыз.
3. Компьютер қайта іске қосылып жатқанда **esc** пернесін басып, жүктелу параметрлерін ашу үшін **f9** пернесін басыңыз.
4. Жүктелу параметрлері терезесінен флэш-жадты таңдаңыз.

Мәліметтердің сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру

Файлдардың сақтық көшірмесін жасау және барлық жаңа бағдарламалық құралдарды қауіпсіз жерде сақтау өте маңызды болып табылады. Жаңа бағдарламалық құралдар және деректер файлдары қосылған сайын, сақтық көшірмелерді жүйелі түрде жасауды жалғастырыңыз.

Жүйенің қаншалықты толық қалпына келтіруін жасау мүмкіндігі сақтық көшірме соңғы рет қашан жасалғанына байланысты болады.



ЕСКЕРІМ: Ең соңғы сақтық көшірмеден қалпына келтіруді компьютерге вирустық шабуыл жасалған немесе жүйе құрамдас бөліктерінің елеулі ақаулығы орын алған жағдайда жасау қажет. Компьютер мәселелерін шешу үшін, жүйені қалпына келтіруді жасамас бұрын, қалпына келтіру әрекетін жасаған жөн.

Ақпараттың сақтық көшірмесін қосымша сыртқы қатты диск, желілік диск немесе дискілерде жасауға болады. Мына жағдайларда жүйенің сақтық көшірмесін жасаңыз:

- Жүйелі жоспарланған кесте бойынша



КЕҢЕС: Мәліметтердің сақтық көшірмесін жүйелі түрде жасау үшін еске салғышты орнатыңыз.

- Компьютер жөнделмес немесе қалпына келтірілмес бұрын
- Жабдықты немесе бағдарламалық құралды қоспас немесе өзгертпес бұрын

Нұсқаулар:

- Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін Windows® жүйесін қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану арқылы жасаңыз және оларды оптикалық дискіге немесе сыртқы қатты дискіге жүйелі түрде көшіріңіз. Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану туралы қосымша ақпаратты [Windows жүйесін бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану 85-бетте](#) бөлімінен қараңыз.
- Жеке файлдарды құжаттар кітапханасында сақтаңыз да, бұл қалтаның сақтық көшірмесін жүйелі түрде жасаңыз.
- Бейімделген параметрлерді терезеде, құралдар тақтасында немесе мәзір жолында параметрлеріңіздің экран суретін жасау

жолымен сақтаңыз. Параметрлерді қалпына келтіру қажет болған кезде экран суреті уақытыңызды үнемдеуі мүмкін.

Экран суретін жасау үшін, мына әрекеттер орындаңыз:

1. Сақталатын экранды ашыңыз.
2. Экран суретін көшіріңіз:
Тек белсенді терезені көшіріп алу үшін, **alt+prt sc** пернелер тіркесімін басыңыз.
Экранды толық көшіру үшін, **prt sc** пернесін басыңыз.
3. Мәтіндерді өңдеу құжатын ашып, **Правка (Өңдеу) > Вставить (Қою)** пәрменін таңдаңыз. Экран суреті құжатқа қосылады.
4. Құжатты сақтап, басып шығарыңыз.

Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану

Нұсқаулар:

- Сақтық көшірме жасау үрдісін бастамас бұрын компьютердің айнаымалы ток көзіне жалғанғанын тексеріңіз.
- Сақтық көшірме жасау үрдісін аяқтауға қажет уақыт беріңіз. Файлдар өлшемдеріне байланысты оған бір сағаттай уақыт алуы мүмкін.

Сақтық көшірме жасау үшін

1. **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Резервное копирование и восстановление (Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Сақтық көшірме жасалуын жоспарлау және жүзеге асыру үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



ЕСКЕРІМ: Windows® жүйесі компьютердің қауіпсіздігін жақсарту үшін пайдаланушы жазбасын басқару мүмкіндігін қамтиды. Бағдарламалық құралды орнату, утилиталарды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін сізден рұқсат немесе құпия сөз сұралуы мүмкін. Қосымша мәлімет алу үшін «Справка и поддержка» (Анықтама және қолдау) тармағын қараңыз.

Windows жүйесін бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану

Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктесі қатты дискінің суретін белгілі бір сәтте сақтауға және атын беруге мүмкіндік береді. Егер енгізілген өзгертулердің күшін болдырмауды қаласаңыз, осы нүктеге дейін қалпына келтіре аласыз.



ЕСКЕРІМ: Бұрынғы қалпына келтіру нүктелеріне қайтару бастапқы қалпына келтіру нүктесі соңғы рет жасалғаннан бері сақталған деректер файлдарына немесе жасалған электрондық пошта хабарламаларына әсер етпейді.

Сонымен қатар, файлдар мен параметрлерді жоғары деңгейде қорғау үшін бастапқы қалпына келтірудің қосымша нүктелерін жасай аласыз.

Бастапқы қалпына келтіру нүктелерін жасау уақыты

- Бағдарламалық құралды немесе жабдықты қоспас немесе өзгертпес бұрын
- Мерзімді түрде, компьютер тиімді түрде жұмыс істеп отырған кезде



ЕСКЕРІМ: Егер жүйені қалпына келтіру нүктесіне қайтарып, одан кейін шешіміңізді өзгертсеңіз, қалпына келтірудің күшін жоюға болады.

Жүйені қалпына келтіру нүктесін жасау

1. **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Система (Жүйе)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақ аумақта **Защита системы (Жүйені қорғау)** параметрін таңдаңыз.
3. **Защита системы (Жүйені қорғау)** қойындысын ашыңыз.
4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Алдыңғы күнге және уақытқа дейін қалпына келтіру

Бастапқы қалпына келтіру нүктесіне (алдыңғы күні мен уақытта жасалған) компьютер тиімді түрде жұмыс істеген кезде қайтару үшін төмендегі қадамдар орындаңыз:

1. **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Система (Жүйе)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақ тақтада **Защита системы (Жүйені қорғау)** тармағын таңдаңыз.
3. **Защита системы (Жүйені қорғау)** қойындысын ашыңыз.
4. **Восстановление системы (Жүйені қалпына келтіру)** түймешігін басыңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

8 Тұтынушыларды қолдау

Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:

- [Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметімен байланысу](#)
- [Жапсырмалар](#)

Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметімен байланысу

Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы *HP ноутбугының анықтамалық нұсқаулығы* немесе Анықтама және қолдау бөлімдеріндегі ақпарат сұрақтарыңызға жауап бермесе, HP тұтынушыларды қолдау орталығына келесі телефондар арқылы хабарласуға болады:

<http://www.hp.com/go/contactHP>



ЕСКЕРІМ: Бүкіл әлем бойынша қолдау алу үшін беттің сол жағындағы **Contact HP worldwide** (HP компаниясымен бүкіл әлем бойынша хабарласу) тармағын таңдаңыз немесе http://welcome.hp.com/country/us/en/wwwcontact_us.html торабына кіріңіз.

Бұл жерде сізде мынадай мүмкіндіктер болады:

- HP маманымен желіде тікелей тілдесу.




ЕСКЕРІМ: Белгілі бір тілде техникалық қолдауға байланысты сөйлесу мүмкін болмаса, ағылшын тілін пайдалануға болады.

- HP тұтынушыларды қолдау орталығына электрондық хат жіберу.
- HP Тұтынушыларды қолдау орталығының ғаламдық телефон нөмірлерін табу.
- HP қызмет көрсету орталығының мекенжайын анықтау.

Жапсырмалар

Компьютерге жапсырылған жапсырмалар жүйе ақаулықтарын жойғанда немесе компьютермен шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін:

- Сериялық нөмірі жапсырмасы—мыналарды қоса маңызды ақпаратты қамтиды:



Бөлік

(1)	Өнім атауы
(2)	Сериялық нөмірі (с/н)
(3)	Бөлік нөмірі/өнім нөмірі (р/п)
(4)	Кепілдік күшінің мерзімі
(5)	Модель сипаттамасы

Техникалық қолдау орталығына хабарласқан кезде осы ақпарат қол жетімді болуы қажет. Сериялық нөмірі бар жапсырма батарея ұясында орналасады.

- Microsoft® түпнұсқалық туралы куәлігі - Windows өнім кілті туралы ақпаратты қамтиды. Өнім кілті амалдық жүйені жаңарту немесе ақаулықтарын жою үшін қажет болуы мүмкін. Microsoft түпнұсқалық туралы куәлігі компьютердің түбінде орналасқан.
- Нормативтік ақпараты бар жапсырма - компьютер туралы нормативтік ақпаратты береді. Нормативтік ақпараты бар жапсырма батарея ұясында орналасады.
- Сымсыз куәландыру белгісі немесе белгілер (таңдаулы модельдерде ғана) - қосымша сымсыз құрылғылар туралы және құрылғылар қолдану үшін бекітілген кейбір мемлекеттер мен

аймақтардың мақұлдау таңбаларын береді. Компьютерде бір немесе бірнеше сымсыз құрылғылар болса, бір немесе бірнеше қуәландыру белгісі компьютермен бірге беріледі. Бұл ақпарат шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін. Сымсыз қуәлік беру жөніндегі жапсырмалар батарея орнында орналасқан.

9 Техникалық сипаттамасы

- [Тұтынылатын қуат](#)
- [Жұмыс ортасы](#)

Тұтынылатын қуат

Егер сіз компьютерді алып, халықаралық саяхат жасауды жоспарласаңыз, осы бөлімде берілген қуат туралы ақпарат пайдалы болуы мүмкін.


Компьютер айнымалы немесе тұрақты ток көзінен келетін тұрақты ток арқылы жұмыс істейді. Айнымалы ток көзі 100–240 В, 50–60 Гц шамасында болуы керек. Компьютер бөлек тұрақты ток көзінен жұмыс жасаса да, ол тек HP компаниясы берген және осы компьютерге қолдану үшін ұсынған айнымалы ток адаптері немесе тұрақты ток көзіне қосылуы керек.


Компьютерді төмендегі техникалық параметрлер ішінде тұрақты ток қуат көзі арқылы қуатпен қамтамасыз етуге болады.

Тұтынылатын қуат	Мөлшер
Жұмыс кернеуі және тогы	19,5 В (тұрақты ток) болғанда 6,5 А - 120 Вт

Сыртқы HP қуат блогының тұрақты ток ашасы



 **ЕСКЕРІМ:** Бұл құрылғы Норвегиядағы фазааралық кернеуінің орташа квадраттық мәні 240 В-тан аспайтын ақпараттық технологиялар электр жүйелеріне арналған.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютердің жұмыс істеу кернеуі мен тогын жүйенің нормативтік жапсырмасынан табуға болады.

Жұмыс ортасы


Фактор	Метрикалық өлшемдер жүйесі	АҚШ-та пайдаланылатын өлшемдер жүйесі
Температура		
Пайдалануға болатын (оптикалық дискіге жазу кезінде)	5 - 35°C	41 - 95°F
Пайдалануға болмайтын	-20°C пен 60°C арасында	-4°F пен 140°F арасында
Салыстырмалы ылғалдылық (конденсанцияланбайтын)		
Пайдалануға болатын	10 - 90%	10 - 90%
Пайдалануға болмайтын	5 - 95%	5 - 95%
Ең жоғары биіктік (қысымсыз)		
Пайдалануға болатын	-15 м мен 3048 м арасында	-50 фут пен 10000 фут арасында
Жұмыссыз режимде	-15 м мен 12192 м арасында	-50 фут пен 40000 фут арасында

а RAID 0 (тек таңдаулы үлгілерде)

RAID 0 конфигурациясындағы екі қатты дискі бар чип орнатылған компьютер үлгілерін таңдаңыз. RAID конфигурациясы үлкен файлдармен жұмыс істейтін және компьютердің сақтау мөлшерін жақсартуды қалайтын пайдаланушыларға өте пайдалы. RAID 0 арқылы деректер екі дискіге беріледі. Бұл құрал өлшемі үлкен файлдар сияқты деректерді жылдам оқуға мүмкіндік береді, себебі деректер екі дисктен бір уақытта оқылады. Бірақ, RAID 0 ақаулықсыз жұмыс қызметін ұсынбайды, бұл бүкіл мөлшердің бір диск ақаулығы орын алған жағдайда істен шағатынын білдіреді.

RAID 0 құралының жазу жұмысын жақсарту үшін, Intel® Rapid Storage Technology бағдарламасы мөлшер кері жазылған кәшті қолданады. Мөлшер кері жазылған кәш буферге жазуға мүмкіндік береді және біріктіруді жақсартады. Кәш әдепкі параметрлер бойынша қосылды, оны Intel Rapid Storage Technology бағдарламасы арқылы сөндіруге немесе қайта қосуға болады. Егер кәш қосылған болса, оны пайдалану үшін, үздіксіз қуат көзі (UPS) қажет.

RAID 0 ажырату

 **ЕСКЕРТУ:** Егер RAID 0 құралы ажыратылған болса, қатты дискідегі мазмұн толығымен жойылып, қатты диск қайта пішімделеді. Компьютерде жасалған файлдардың және бағдарламалық құралдардың барлығы мүлде жойылады. RAID 0 сөндірмес бұрын ақпараттың сақтық көшірмесі және қалпына келтіру дискілерінің жиынтығы жасалғанына көз жеткізіңіз. Қосымша ақпарат алу үшін, [Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру 77-бетте](#) бөлімін қараңыз.

RAID 0 сөндіру:

1. Қалпына келтіру дискілерінің жинағын жасаңыз. RAID 0 ажыратқаннан кейін қатты диск мазмұны толығымен жойылады. Қосымша ақпарат алу үшін, [Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру 77-бетте](#) бөлімін қараңыз.

Кескінді толық қалпына келтіру үшін, қызметті қалпына келтіру дискілерінің бар екеніне көз жеткізіңіз. Шағын зауыттық кескінді қалпына келтіру үшін, Recovery Manager арқылы жасалған қалпына келтіру дискілерінің жинағының бар екеніне көз жеткізіңіз.



ЕСКЕРІМ: Барлық жеке файлдарыңыздың сақтық көшірмелерінің жасалғанын тексеріңіз. Осы компьютермен қамтамасыз етілмеген бағдарламалық құралдарды өндірушінің веб-торабынан жүктеу немесе өндіруші қамтамасыз еткен дискіден қайта орнату қажет.

2. Компьютерді қосыңыз немесе қайта бастаңыз. Экранның төменгі сол бұрышында «Press the ESC key for Startup Menu» (Қосылу мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз. Іске қосу мәзірі көрсетілген кезде, **f10** пернесін басыңыз.
3. **Конфигурация системы** (Жүйе конфигурациясы) тармағын таңдау үшін, көрсеткі пернелерді басыңыз, одан кейін **RAID OROM UI** құралының **enable** (қосу) параметрін таңдаңыз.

4. **Выйти** (Шығу) > **Выйти, сохранив изменения** (Өзгертулерді сақтап шығу) тармақтарын таңдау үшін, көрсеткі пернелерді басыңыз, одан кейін өзгертулерді сақтап, компьютерді қайта бастау үшін, **Да** (Иә) пәрменін таңдаңыз.
5. POST экраны ашылғаннан кейін конфигурациялау утилитасына кіру үшін, **ctrl+I** пернелер тіркесімін басыңыз.
6. **Главное** (Негізгі) мәзірінен **3. Сбросить настройку дисков до Non-RAID** (3. Дискілердің реттелуін Non-RAID параметріне орнату) тармағын таңдау үшін көрсеткі пернелерді басыңыз, одан кейін **enter** пернесін басыңыз. RAID мәліметтерін қалпына келтіру терезесі ашылады.
7. Бірінші қатты дискіні таңдау үшін бос орын пернесін басыңыз, одан кейін екінші қатты дискіні таңдау үшін төмен көрсеткі пернені және бос орын пернесін басыңыз.
8. **enter** пернесін басып, таңдауды растау үшін **Y** пернесін басыңыз.



ЕСКЕРТУ: Таңдауыңыз расталғаннан кейін, қатты диск мазмұны толығымен жойылады және қатты дискі қайта пішімделеді.

9. **5. Выйти** (5. Шығу) тармағын таңдау үшін төмен көрсеткі пернені басыңыз.
10. **enter** пернесін, одан кейін **Y** пернесін басыңыз. «No bootable device» (Өзі жүктелетін құрылғы жоқ) хабарламасы экранға шығады.
11. Қызметті қалпына келтіру дискісін немесе сіз жасаған бірінші қалпына келтіру дискісін енгізіп, компьютерді қайта бастаңыз.
12. Жүктеу параметрлерінің мәзірін ашу үшін, **F9** пернесін басыңыз, одан кейін жүктеу құрылғысы ретінде Internal CD/DVD ROM Drive (Ішкі CD/DVD ROM дискісін) таңдаңыз.
13. Егер сіз қызметті қалпына келтіру дискілерінің жинағын пайдалансаңыз, қалпына келтіруді аяқтау үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

-немесе-

Егер сіз жасалған қалпына келтіру дискілерінің жинағын пайдалансаңыз, Minimized System Recovery (Жүйені қалпына келтірудің шағын нұсқасы) параметрін таңдаңыз, одан кейін қалпына келтіруді аяқтау үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Индекс

Таңбалар/Сандар

- 3D ойындары, ойнату 19
- 3D Фильм технологиясы 2
 - 3D ойындары 25
 - жіі сұралатын сұрақтар 24
 - жұмыс істеу аймағы 26
 - жыпылықтау 26
 - қауіпсіздік ақпараты 11
 - мазмұнды көру 19
 - пайдалану 17

A

- ақаулықтарды жою
 - 3D 24
 - 3D мазмұнын көре алмаймын 24
 - 3D ойындары 25
 - жыпылықтау 26
 - қолдау көрсетілетін 3D пішімдері 25
- амалдық жүйе
 - Microsoft түпнұсқалық туралы куәлігінің жапсырмасы 88
 - Өнім кілті 88
- Анықтама және қолдау пернесі 47
- ауа өткізгіш саңылаулар, анықтау 35, 39
- аудио кіріс (микрофон) ұясы, анықтау 36
- аудио шығыс (құлаққап) ұясы, анықтау 36
- ауыспалы графикалық режимдер 4

Ә

- әрекет пернелері
 - анықтау 32
 - пайдалану 46
 - сымсыз 48
 - үндеткіш дыбысын өшіру 48
 - экран кескінін ауыстырып қосу 47
- әрекет пернелері, анықтау 47
- әрекеттер пернелері
 - Анықтама және қолдау орталығы 47
 - дыбысты реттеу 47
 - пернетақтаның артқы жарықтандыруы 47
 - экран жарықтығын азайту 47
 - экран жарықтығын жоғарылату 47

B

- бастапқы қалпына келтіру нүктелері 85
- батарея, ауыстыру 59
- батареяны шығару ысырмасы 40
- батарея ұясы 88

- батарея ұясы, анықтау 39
 - батарея шамы 34
 - Белсенді модуляторы бар 3D көзілдіріктері анықтау 16
 - батарея бөлімі 16
 - батареяны ауыстыру 22
 - күтім көрсету 21
 - қолдану 24
 - қосу және өшіру 16
 - пайдалану 15
 - саптамалар 16, 21
 - тазалату 23
- бөліктер
 - алдыңғы жағы 33
 - дисплей 37
 - жоғарғы 28
 - оң жағындағы 34
 - сол жағындағы 35
 - түбіндегі 39
 - Бір үлкен бейне 5

B

- веб-камера, анықтау 37
- веб-камера шамы, анықтау 37

G

- графикалық режимдер, ауысу 4

D

- дискілер, қатты 66
- дыбыс өшіру пернесі, анықтау 48
- дыбыс өшіру шамы, анықтау 30

J

- жад модулі
 - алу 71
 - ауыстыру 68
 - енгізу 72
- жад модулі бөлімі, анықтау 39
- жад модулі бөлімінің қақпағы
 - алу 71
 - ауыстыру 73
- жапсырмалар
 - Bluetooth 89
 - Microsoft түпнұсқалық туралы куәлігі 88
 - WLAN 89
 - нормативтік 88

- сериялық нөмір 88
- сымсыз куәлік 89
- желі ұясы, анықтау 35
- жұмыс ортасы 92
- жүйе ақпаратының жылдам пернесі 49
- жүйені бастапқы қалпына келтіруді пайдалану 85
- жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелері 85
- жүйені қалпына келтіру 80
- жылдам пернелер
 - жүйе ақпаратын көрсету 49
 - төменгі дыбыс жиілігі параметрлері 49
- жылдам пернелер тіркесімдері
 - пайдалану 49
 - сипаттама 49

И

- Интернет байланысын орнатқыш 44
- Интернет провайдері, пайдалану 42
- Инфрақызыл сәуле шығарғыштар, анықтау 37

К

- компьютерді сапарға алып шығу 89
- көрсетілетін кескін, ауыстырып көрсету 47
- кірістірілген веб-камера шамы, анықтау 37
- кірістірілген сандық пернетақта, анықтау 32, 50

Қ

- қалпына келтіру, жүйе 80
- қалпына келтіруге бөлектелген бөлімнен қалпына келтіру 81
- қалпына келтіру дискілері 78
- қалпына келтіру дискілерінен қалпына келтіру 82
- қатты диск
 - орнату 66
 - шығарып алу 62
- қатты диск ұясы, анықтау 40
- қатты диск шамы 33
- қауіпсіздік кабелінің ұясы, анықтау 34
- қауіпсіздік туралы ақпарат, 3D 11
- қолдау көрсетілетін дискілер 79
- қосқыш, қуат 34
- қуат қосқышы, анықтау 34
- қуат түймешігі, анықтау 31
- қуат шамдары, анықтау 30, 33
- құлаққап (аудио шығыс) ұясы 36

М

- меңзегіш құрылғы, параметрлерді орнату 51
- микрофон (аудио кіріс) ұясы, анықтау 36

Н

- нормативтік ақпарат
 - нормативтік ақпараты бар жапсырма 88
 - сымсыз куәландыру белгілері 89

О

- ойындар, 3D 19
- оптикалық диск жетегі, анықтау 34
- Оптикалық диск жетегін шығару пернесі, анықтау 32

Ө

- өнім аты және нөмірі, компьютер 88
- Өнім кілті 88

П

- пернелер
 - esc 32
 - fn 32
 - Windows қолданбалары 32
 - Windows логотипі 32
 - әрекет 32
 - оптикалық диск жетегін шығару 32
- пернетақта, кірістірілген 32, 50
- пернетақтадағы пернелер тіркесімдері, анықтау 49
- пернетақта жарықтандырғышының әрекет пернесі 47
- порттар
 - eSATA 35
 - HDMI 35
 - SuperSpeed USB 35
 - USB 34
 - сыртқы монитор 35

С

- сабуфер, анықтау 39
- сақтық көшірме жасау
 - жеке файлдар 83
 - өзгертілмелі терезе, құралдар тақтасы және мәзір жолы параметрлері 84
- Сандық медиа ұясы, анықтау 34
- саптамалар
 - анықтау 16
 - пайдалану 21
- Сенсорлы аймағы, анықтау 29
- сенсорлы тақта қимылдары
 - бұру 57
 - жылжу 55
 - масштабтау 56

сызу 58
шымшу 56
сенсорлы тақтаның айналдыру қимылы 57
сенсорлы тақтаның жылжу іс-қимылы 55
сенсорлы тақтаның масштабтау қимылы 56
сенсорлы тақтаның сызу қимылы 58
сенсорлы тақтаның шымшу қимылы 56
Сенсорлы тақта шамы 29
сериялық нөмір, компьютер 88
сериялық нөмірі жапсырмасы 88
стереоскопиялық көру 13
сымсыз байланыс пернесі, анықтау 48
сымсыз байланыс шамы 30
сымсыз желі, жалғану 43
сымсыз желі (WLAN), қажет жабдық 44
сымсыз жол жоспарлағыш, параметрлерді реттеу 45
сымсыз куәландыру белгісі 89
сымсыз қосылыстардың орнатуы 44
Сыртқы HP қуат блогының тұрақты ток ашасы 91
сыртқы монитор порты, анықтау 35

T
төменгі дыбыс жиілігі параметрлерінің жылдам пернесі 49
тұтынылатын қуат 91
түймешіктер 31
 TouchPad панелінің оң жағы 29
 TouchPad панелінің сол жағы 29
Түпнұсқалық туралы куәліктің жапсырмасы 88
тінтуір, сыртқы
 басым параметрлерді орнату 51

Ұ
ұялар
 RJ-45 (желі) 35
 аудио кіріс (микрофон) 36
 аудио шығыс (құлаққап) 36
 батарея 39, 88
 қатты диск 40
 қауіпсіздік кабелі 34
 Сандық медиа 34

Ү
үндеткіштер, анықтау 33

Ф
фотосензитивті қояншық ұстамалары 11

Ш
шамдар
 caps lock 29
 батарея 34
 веб-камера 37
 дыбыс өшіру 30
 қатты диск 33
 қуат 30, 33
 сенсорлы тақта 29
 сымсыз 30

Ы
ысырма, батареяны шығару 40

I
ішкі дисплей қосқышы, анықтау 38
ішкі микрофондар, анықтау 37

Э
экран жарықтығы пернелері 47
экран кескіні, ауыстырып қосу 47

A
AMD Catalyst Control Center 6
AMD Eyefinity 5

B
Beats Audio 3, 49
Bluetooth жапсырмасы 89

C
caps lock шамы, анықтау 29
CyberLink PowerDVD 14, 19

E
eSATA порты, анықтау 35
esc пернесі, анықтау 32
Eyefinity 5

F
f11 81
fn пернесі, анықтау 32, 49

H
HDMI порты, анықтау 35
HP Recovery Manager 80

M

Microsoft түпнұсқалық туралы куәлігінің
жапсырмасы 88
Mini DisplayPort порты, анықтау 35

R

RAID 0 93
RJ-45 (желі) ұясы, анықтау 35

S

SuperSpeed USB порты, анықтау 35

T

TouchPad
 пайдалану 52
 түймешіктер 29
TriDef 3D Experience Ignition ойындар ойнатқышы
19

U

USB порттары, анықтау 34

W

Windows қолданбалар пернесі, анықтау 32
Windows логотипі бар перне, анықтау 32
WLAN
 қорғау 45
 қосылу 43
WLAN антенналары, анықтау 37
WLAN жапсырмасы 89
WLAN жүйесін орнату 44
WLAN құрылғысы 89

